

## Маңғыстау облысының кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы

Маңғыстау облысы мәліхатының 2002 жылғы 20 желтоқсандағы N 23/241 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 21 қаңтарда N 1308 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысының кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы бекітілсін .

2. Осы шешім жарияланған күнінен күшіне енеді.

*Сессия төрағасы*

*Облыстың мәслихаттың*

*хатшысы*

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 0

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 23/241 шешіміне қосымша

**Маңғыстау облысының кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған**

**Аймақтық бағдарламасы**

**Бағдарлама паспорты**

|                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Атауы                             | Маңғыстау облысында кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарлама                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Бағдарлама әзірлеу үшін негіздеме | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Павловтың төрағалық етуімен өткен кедейшілікті азайту жөніндегі ведомствоаралық Комиссия (ВАК) мәжілісінің 2002 жылғы 6 наурыздағы N И-295 Хаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Әзірлеуші                         | Облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Бағдарлама мақсаты                | Экономикалық өсу, тұрғын халықты барынша толықтай жұмыспен қамту және табысын ұлғайту, атаулы әлеуметтік қорғауды жақсарту, денсаулық сақтау мен білім беру қызметіне кедейлердің қолы еркін жетуін қамтамасыз ету, шешім қабылдауда қоғамдық институттарды тарту үшін жағдайлар туғызу жолымен кедейшілікті қысқарту                                                                                                                                                                                                               |
| Бағдарлама міндеттері             | Қосымша жұмыс орындарын ашу, ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру, кәсіптік оқу мен жұмыссыздарды қайта даярлау есебінен жұмыспен қамтуға б е л с е н д і ж ә р д е м д е с у<br>Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау<br>Тұрғын халықтың кедейлер мен мүжәлсіз топтарының мүддесі үшін денсаулық сақтау және білім беру секторына, атаулы әлеуметтік көмекке қолы жетуі мен т и і м д і л і г і н а р т т ы р у<br>Халықтың өзін және мемлекеттік емес секторларын тартумен мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру. |

|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қаржыландыру көздері | Жергілікті және республикалық бюджеттер қаражаты, кәсіпорындардың өзіндік қаражаттары, несие және қарыз қаражаттары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Іске асырылу мерзімі | Іске асыру 2003-тен 2005 жылғы кезеңге белгіленген.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Күтілетін нәтижелер  | Кедейшілік шегінен төмен тұратын тұрғындар санын азайту. Ресми және жалпы жұмыссыздық деңгейін азайту. Сынып бітіруші оқушыларды, жұмыссыз жастарды жұмысшы мамандығына оқытып, үйрету жөнінде облыстық өнеркәсіп кәсіпорындармен жалпы білім беретін және кәсіптік-техникалық мектептердің өзара ықпалдастығы тетігін енгізу. Экологиялық проблемаларды шешуді қаржыландыру көлемін арттыру аймақ тұрғындары денсаулығына тигізетін әсердің зардаптарын азайтады. Тұрғын халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту. |

## КІРІСПЕ

|          |                                                                                                                   |    |                                                                                       |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 ТАРАУ. | ОБЛЫСТАҒЫ КЕДЕЙШІЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ                                                                   |    |                                                                                       |
|          | 1. Экономиканың даму деңгейі және кедейшілік                                                                      |    |                                                                                       |
|          |                                                                                                                   | 1) | Экономикалық өсім және кедейшілік                                                     |
|          |                                                                                                                   | 2) | Жұмыспен қамту және жұмыссыздық                                                       |
|          |                                                                                                                   | 3) | Шағын бизнестің дамуы                                                                 |
|          |                                                                                                                   | 4) | Қоғамдық жұмыстар                                                                     |
|          |                                                                                                                   | 5) | Кәсіптік даярлау және қайта даярлық                                                   |
|          |                                                                                                                   | 6) | Шағын қаржыландыру                                                                    |
|          | 2. Әлеуметтік сала                                                                                                |    |                                                                                       |
|          |                                                                                                                   | 1) | Демография және көші-қон                                                              |
|          |                                                                                                                   | 2) | Тұрғын халықтың денсаулық сақтау қызметімен қамтамасыз етілуі                         |
|          |                                                                                                                   | 3) | Білім алу                                                                             |
|          |                                                                                                                   | 4) | Тұрғын халықтың әлеуметтік-мүжәлсіз тобын әлеуметтік қорғау жүйесі                    |
|          | 3. Кедейшіліктің инфрақұрылым аспектісі                                                                           |    |                                                                                       |
|          |                                                                                                                   | 1) | Халықты тұрғын үймен және коммуналды қызметпен қамтамасыз ету                         |
|          |                                                                                                                   | 2) | Тұрғындардың сумен, оның ішінде таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі                     |
|          |                                                                                                                   | 3) | Тұрғын халықтың жолдармен, көлікпен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілуі         |
|          | 4. Кедейшіліктің аймақтық және экологиялық аспектілері                                                            |    |                                                                                       |
|          |                                                                                                                   | 1) | Кедейшіліктің аймақтық ерекшеліктері                                                  |
|          |                                                                                                                   | 2) | Шағын, оның ішінде экономикалық дағдарыстағы, қалаларда тұрғын халықтың кедейленуі    |
|          |                                                                                                                   | 3) | Ауылдық, оның ішінде экономикалық дағдарыстағы, жерлердегі тұрғын халықтың кедейленуі |
|          |                                                                                                                   | 4) | Тұрғын халық кедейленуінің экологиялық аспектісі                                      |
|          | 5. Жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың кедейшілік деңгейін төмендетудегі бірлескен қызметі |    |                                                                                       |
|          | 6. Кедейшілік деңгейін азайтудағы жеке сектордың рөлі                                                             |    |                                                                                       |

|          |                                                                                            |    |                                                                                                           |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          |                                                                                            |    |                                                                                                           |
| 2 ТАРАУ. | АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, ПРИНЦИПТЕРІ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ                   |    |                                                                                                           |
|          | 7. Мақсаты мен міндеттері                                                                  |    |                                                                                                           |
|          | 8. Кедейшілікті азайтудың принциптері мен басымдықтары                                     |    |                                                                                                           |
|          | 9. Аймақтық бағдарламаны іске асырудың индикаторлары                                       |    |                                                                                                           |
| 3 ТАРАУ. | ОБЛЫСТА КЕДЕЙШІЛІКТІ АЗАЙТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ                             |    |                                                                                                           |
|          | 10. Мақсатты топтардағы кедейшілікті қысқарту жөніндегі шаралар                            |    |                                                                                                           |
|          | 11. Экономиканың дамуы және кедейшіліктің төмендеуі                                        |    |                                                                                                           |
|          |                                                                                            | 1) | Экономикалық өсім және кедейшілік                                                                         |
|          |                                                                                            | 2) | Жұмыспен қамтуды арттыру және жұмыссыздықты азайту                                                        |
|          |                                                                                            | 3) | Шағын бизнесті дамыту                                                                                     |
|          |                                                                                            | 4) | Қоғамдық жұмыстар                                                                                         |
|          |                                                                                            | 5) | Кәсіптік даярлық және қайта даярлау                                                                       |
|          |                                                                                            | 6) | Шағын қаржыландыруды кеңейту жөніндегі шаралар                                                            |
|          | 12. Әлеуметтік жүйені дамыту                                                               |    |                                                                                                           |
|          |                                                                                            | 1) | Тұрғын халықтың кедейленуіне демографиялық және көші-қон факторларының әсерін бәсеңдету жөніндегі шаралар |
|          |                                                                                            | 2) | Денсаулық сақтау қызметіне тұрғын халықтың қолы жетуін жақсарту жөніндегі шаралар                         |
|          |                                                                                            | 3) | Білім беру қызметіне тұрғын халықтың қолы жетуін жақсарту                                                 |
|          |                                                                                            | 4) | Тұрғын халықтың әлеуметтік мүжәлсіз тобын әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру                             |
|          | 13. Тұрғын халықты инфрақұрылым қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар  |    |                                                                                                           |
|          |                                                                                            | 1) | Халықты тұрғын үймен және коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар            |
|          |                                                                                            | 2) | Тұрғындарды сумен, оның ішінде таза ауыз сумен, қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар               |
|          |                                                                                            | 3) | Тұрғын халықтың жолдармен, көлікпен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар   |
|          | 14. Аймақтық және экологиялық факторлардың кедейшілікке әсерін төмендету жөніндегі шаралар |    |                                                                                                           |
|          |                                                                                            | 1) | Аймақтық деңгейде кедейшілікті төмендету жөніндегі шаралар                                                |
|          |                                                                                            | 2) | Шағын, оның ішінде экономикалық дағдарыстағы, қалаларда кедейшілікті азайту жөніндегі шаралар             |
|          |                                                                                            | 3) | Ауылдық, оның ішінде экономикалық дағдарыстағы, жерлерде кедейшілікті азайту жөніндегі шаралар            |
|          |                                                                                            | 4) | Тұрғын халықтың кедейленуіне экологиялық факторлардың әсерін азайту жөніндегі шаралар                     |
|          |                                                                                            |    |                                                                                                           |

|          |                                                                                                                                              |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          | 15. Жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың кедейшілік деңгейін азайтудағы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар           |
|          | 16. Кедейшілік деңгейін азайтуда жеке сектор қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар                                                            |
| 4 ТАРАУ. | ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР МЕН ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ КӨЗДЕРІ                                                                                         |
| 5 ТАРАУ. | АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР                                                                                      |
| 6 ТАРАУ. | МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ КЕДЕЙШІЛІКТІ АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ |

## КІРІСПЕ

Бұл аймақтық бағдарлама Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловтың төрағалық етуімен өткен кедейшілікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық Комиссия (ВАК) мәжілісінің 2002 жылғы 6 наурыздағы N №И-295 Хаттамасына сәйкес әзірленді.

Аймақтық бағдарламаны әзірлеу қажеттігі аймақта кедейшіліктің айтарлықтай жоғары деңгейде сақталуына байланысты. Экономиканың қарқынды дамуына карамастан, табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен төмен тұрғындар үлесі азаймай отыр, кедейшілік шегінен төмен тұратын азаматтар саны өсіп келеді, бұл ең төменгі күнкөріс шамасының жоғарылығымен байланысты болып отыр.

Кедейшілік бұл әлеуметтік-экономикалық құбылыс, бұл ретте тұрғындардың белгілі бір санаттары алғашқы кезектегі физиологиялық қажеттілігін қанағаттандыруға қиындықты бастан кешуде және қоғам өміріне толық мәнінде қатынасу мүмкіндігінен а й ы р ы л ы п о т ы р .

Аймақта негізінен кедейшілік өсімін туғызатын, республикаға да тән сипатты экономикалық және әлеуметтік жағдайлар қалыптасуда:

еңбек рыноктарында жұмысшы күшіне сұраныстар мен ұсыныстардың теңсіздігі;

бюджеттік салада жалақының, зейнетақы мен жәрдемақының төмен мөлшері;

б е й р е с м и ж ұ м ы с п е н қ а м т у ;

тұрғындардың масылдық пиғылда болуы, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігінен х а б а р с ы з д ы ғ ы ;

алыс аудандарда тұратын кедей тұрғындардың әлеуметтік оқшау қалуына әкеліп соғатын табиғи инфрақұрылымының нашарлауы;

тегін медициналық көмекке қол жеткізудің азаюы;

аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік атаулы көмекке ұсынудың жеткіліксіздігі.

Кедейшілік деңгейі тікелей және жанама индикаторлармен өлшенеді.

Тікелей индикаторлар - бұл табыстар бойынша: ең төменгі күнкөріс деңгейі мен кедейшілік шегі; жанама индикаторлар халықтың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілді көрсетілетін қызметтерге халықтың қолы жетуі: базалық әлеуметтік игілік пен көрсетілетін қызмет жетістіктерінің төменгі деңгейі.

Бүгінде облыста кедейшілік деңгейін азайтуға ықпал ететін бірқатар аймақтық

бағдарламалар әзірленді және жұмыс істеп жатыр, олардың арасында 2001-2002 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі бағдарлама, 2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді сауықтыру бағдарламасы, білім беру жүйесін дамыту бағдарламасы және басқалары. Кедейшілікті жоюға тікелей бағытталған негізгі бағдарлама бұл 2000-2002 жылдарға арналған кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарлама.

Негізінен кедейлерді жұмыспен қамтуға және атаулы әлеуметтік қолдау көрсетуді жүзеге асыруға бағытталған, жоғарыда көрсетілген әрекеттегі бағдарламадан ерекшелігі бұл бағдарлама тұрғын халықтың кедейшілік деңгейіне әсерін тигізетін ілеспе факторлар кешенін экология, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да факторлар жүйесінің жағдайын ескереді.

## **1 ТАРАУ. ОБЛЫСТАҒЫ КЕДЕЙШІЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

Ең төменгі күнкөріс деңгейі кедейшілік деңгейін анықтау үшін негіз болып табылады және ең төменгі тұтыну қоржыны негізінде есептеледі, 70 пайыз азық-түлік және 30 пайыз азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер кіреді. Облыста азық-түлік пен азық-түлік емес тауарларға тұтынушы шығынының іс жүзіндегі арақатынасы 2001 жылы 63/37, 2001 жылы 4 тоқсанда 61,8/38,2 құрады.

Аймақта орта есеппен жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері 2000 жылғы 5174 теңгеден 2001 жылы 6046 теңгеге артты, бұл негізгі тамақ өнімдері мен ақылы қызметке инфляцияның өсуімен түсіндіріледі. 2002 жылға 01 қыркүйектегі жағдай бойынша бұл шама 6561 теңге деңгейінде және республика бойынша ең жоғарылардың бірі болып табылады, яғни орташа республикалық көрсеткіштен 35 пайыз жоғары.

Нормативтік құқықтық актілермен белгіленген кедейшілік шегі 2001 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 38 пайыз құрады, 2002 жылы 40 пайызға дейін өсті. Пайыздың үлесінің өсуі, яғни, атаулы әлеуметтік көмек көрсетуде мемлекеттің экономикалық мүмкіндігімен сипатталады. Көрсетілетін көмек көлемі өсіп келеді, алайда жеткіліксіз қарқынмен.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының артуымен қатар кедейшілік шегінің мөлшері 2002 жылғы 1966 теңгеден 2001 жылы 2297 теңгеге дейін артты, 2002 жылдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 2508 теңгені құрады.

Облыста кедейшілік шегінен төмен бес мың шамасында отбасы тұрады, жергілікті атқарушы органдармен қабылданған барлық іс-әрекеттер қатынасы бойынша басымырақ болуы тиіс.

Кедейлердің арнаулы тобына кіретіндер:  
оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар (тәуекелді топтар);  
балалар және көп балалы отбасылар;  
ұзақ уақыт жұмыссыздар;  
жалғыз тұратын жасы ұлғайған адамдар;

## м ү г е д е к т е р ;

маргиналды топтар - үйсіздер, түзету жүйесі мекемелерінен босағандар, босқындар.

Оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар ерекше тәуекел тобына жатады. 1999 жылғы санақ деректері бойынша он сегіз жастағылардың 15,8 пайыз Конституция бойынша кепілдік берілсе де, орта білімі жоқ. Жастар (15-19 жас) экономикалық белсенділігі жоқ тұрғын халықтың ең үлкен үлесін (2001 жылы 51,5 пайыз), сондай-ақ жұмыссыз тұрғындардың едәуір үлесін құрайды (27,6 пайыз). Осыған байланысты, жастар нашақорлық, қылмыс, жезөкшелік жөніндегі бейім топтарға тап болады.

Маргиналды (қоғамнан тыс) топтарға қатысты адамдар санын бағалау тетігі жоқ, олар ерекше көңіл бөлуді қажет етеді, өйткені халықтың басқа топтарына келеңсіз әсер тигізуі мүмкін. Тұрғын халықтың маргиналдану үрдісі бар. Облыста әлеуметтік қорғау, оның ішінде қоғамның маргиналды бөлігіне қатысты тұлғаларды, еңбекпен қамту және әлеуметтік сауықтыру жөніндегі қабылданған шаралар бүгінде жеткіліксіз болып табылады. Қазіргі уақытта облыста тек бір ғана нақты тұрғылықты орындары анықталмаған адамдардың әлеуметтік бейімделу Орталығы жұмыс жасайды. Ашылған кезінен бері әлеуметтік бейімделу Орталығынан 66-ға жуық адам өтті.

Халықтың төмен табысты топтары арасында кең таралған кедейшіліктің теріс салдары қылмыс болып табылады, себебі олар заңсыз жолмен табыс табуға мәжбүр. 2000 жылы тіркелген қылмыстар саны 1999 жылмен салыстырғанда 6,3 пайыз, соның ішінде мүлік ұрлау - 19,5 пайызға өсті.

Кедейшіліктің басқа бір теріс салдары маскүнемдік пен есірткіге тәуелділіктің өсуі болып табылады. Қазіргі кезде ішкі істер органдарында 2688 адам есепте тұрады. 2000 жылы алкогольдік салдарынан 287 қылмыс, 2001 жылы - 162 қылмыс жасалды. Осындай қылмыстың үлес салмағы тіркелген қылмыстық жалпы санының 9,3 пайыз құрады, бұл халықтың аталған санатында қылмыстық жоғары деңгейінің дәлелі.

Мүгедектердің мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан кедейленуге аса бейім. 2001 жылы 4270 адам мүгедек (2000 жылға 127,5 пайыз), оның ішінде балалар 653 адам мүгедек деп танылды. Олардан 1156 адам, оның ішінде - 166, бала мүгедек деп танылды.

## **1. Экономиканың даму деңгейі мен кедейшілік**

### **1) Экономикалық өсім және кедейшілік**

Соңғы жылдары аймақ экономикасының даму қарқынының тұрақтануы, облыс халқының кедейлену деңгейін азайтуға едәуір дәрежеде ықпал етті. Жалпы аймақтық өнім құрылымында шамамен 65 пайыз өнеркәсіп алады, ондағы өнімнің нақты көлемінің индексі 2000 жылы - 107,5 пайыз, 2001 жылы - 116,3 пайыз, 2002 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша - 117,0 пайыз құрады. Өнеркәсіп өнімін шығару көлемінің артуы көлікте, құрылыста, сауда мен экономикалық қызметтің басқа да салаларында көрсетілетін қызметтер көлемінің өсуіне әкелді, мұның өзі өз кезегінде қосымша жұмыс орындарын ашуға, жалақының өсуіне, халықтың

нақты табысының артуына ықпал етті.

2001 жылы ЖАӨ (ВРП) өсу қарқыны 2000 жылмен салыстырғанда 23,2 пайыз құрады, халықтың нақты табысының өсуі 20,6 пайыз болып қалыптасты. Жаңа жұмыс орындары 2000 жылға қарағанда 2,3 пайыз, оның ішінде қоғамдық жұмыстар бойынша - 41,1 пайыз артық болды. 2000 жылы - 6923, 2001 жылы - 5733 тұрақты жұмыс орындары ашылды. Орташа айлық жалақы 2000 жылдың аяғындағы 28967 теңгеден 2001 жылдың аяғында 37038 теңгеге дейін өсті (127,8 пайыз).

1996-1999 жылдары дербес жұмыспен қамтылған тұрғындар саны 33,8 пайызға артты (33,1 мың адамнан 44,3 мың адамға дейін). 2000 жылы экономикада жалдану бойынша жұмыспен қамтылғандар саны 1999 жылмен салыстырғанда 9,3 пайыз, (92,8 мың адам), 2001 жылы - 7,3 пайыз (99,6 мың адам), өсті. Шағын бизнесте жұмыспен қамтылғандар санының өсуі байқалды. Соңғы екі жылда өнеркәсіпте, құрылыста, коммуналдық салада жұмыспен қамтылғандар саны біршама өсті. Жергілікті бюджетке түсім көлемі өсуде (егер жергілікті бюджет табысы 2000 жылы ЖАӨ-нің 14,0 пайыз құраса, 2001 жылы - ЖАӨ-нің 15,6 пайыз құрады).

Алайда, тұрғын халықтың жан басына шаққандағы қолдағы ақшалай табысы 2000 жылғы қаңтардағы 4165 теңгеден 2001 жылғы желтоқсандағы 5285 теңгеге дейін өскеніне қарамастан (немесе 26,9 пайызға), ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы бұрынғыша халықтың жан басына шаққандағы табыс мөлшерінен асып кетуде. Мәселен, 2001 жылғы бірінші тоқсанда жан басына шаққандағы қолдағы ақшалай табысы ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасымен арақатынасы 85,1%, төртінші тоқсанда - 84,5 пайыз құрады.

Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұрғын халықтың үлесі 2001 жылы 46,2 пайыз, оның ішінде қалалық жерлерде - 34,6 пайыз, ауылдық жерлерде - 95,5 пайыз құрады. Табысы азық-түлік қоржыны құнынан төмен тұрғын халықтың үлесі 25,6 пайыз құрады.

Халықтың 10 пайыздан көбірек және 10 пайыздан азырақ қамтылған тобының табыстарының арақатынасы 2001 жылы 13,4 есе құрады (шекті көрсеткіш - 8), бұл республика бойынша неғұрлым жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады.

2002 жылы екінші тоқсанда аталған көрсеткіштердің азаюына қарамастан, едәуір жоғары деңгейде қалып отыр: халықтың ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасынан төмен тұратын үлесі - 42,9 пайыз, оның ішінде қалалық жерлердегі саны - 33,2 пайыз, ауылдық жерлерде - 86,0 пайыз.

Осындай көрсеткіштер табысы ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасынан төмен халықтың үлесін және табысы азық-түлік қоржынынан төмен халықтың үлесін көрсетеді; бұл өмір сүру деңгейінің жақсара қоймағандығын көрсетеді.

## **2) Жұмыспен қамту және жұмыссыздық**

1996 жылдан 1999 жыл кезеңінде ірі және орта кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар саны 25,3 пайызға азайды. Мұның орны шағын бизнесте жұмыспен

қамтудың тез өсуімен (5,3 есе) және дербес жұмыспен айналысудың (33 пайыз) өсуімен ішінара толтырылды. Тұрғындардың дербес жұмыспен айналысуының артуы, бір жағынан экономикалық өсіммен, екінші жағынан халықтың өміршеңдік стратегиясымен түсіндіріледі. Бұл кезеңде жалпы жұмыссыздық деңгейі аз ғана төмендеді (13,7 пайыздан - 13,2 пайызға), экономикалық белсенді емес тұрғындар саны 26 % а й ы з ғ а а з а й д ы .

2001 жылы жалпы жұмыссыздық деңгейі 10,5 пайызға дейін төмендеді. Статистикалық деректер бойынша жұмыссыздардың басым бөлігін 30-дан 44-ке дейінгі жастағы адамдар құрайды. 2001 жылдың аяғында тіркелген жұмыссыздардың жалпы санының 27,6 пайызын 16-дан-20-ға дейінгі жастағы жастар, 62,5 пайыз - әйелдер құрайды. 2002 жылдың екінші тоқсанында тіркелген жұмыссыздар санының 40,7 пайызын 30-44 жастағы адамдар, 35,2 пайызын 16-дан-29 жасқа дейінгі жастар құрады. Экономикалық белсенді тұрғындардан тіркелген жұмыссыздар деңгейі 2000 жылғы 5,4 пайыздан 2001 жылы 3,8 пайызға дейін төмендеді. Ол 2002 жылдың 1 қарашасында 3,7 пайыз құрады және Ақтау қаласында 2,8 пайыздан және Түпқараған ауданында 6,0 п а й ы з ғ а д е й і н а у ы т қ ы д ы .

Ұзақ уақыт бойына жұмыссыздар саны өсіп келеді; 2001 жылдың төртінші тоқсанында тіркелген жұмыссыздар санының әрбір екіншісі немесе экономикалық белсенді тұрғындардың 1,4%-і 1 жылдан астам жұмыс іздестіруде болды. Соңғы жылдары, әсіресе, шетелдік компанияларға, еңбекке орналасуда біліктілік талаптары өсті, бұл жұмыс тәжірибесі және қажетті білімі жоқ жас адамдар үшін жұмысқа тұру мүмкіндігін төмендетті.

Ұзақ уақыт бойына жұмыссыздық, жұмысшы күшінің жекелеген бөлігінің жасы, біліктілігі, психологиялық параметрі бойынша еңбек рыногы талабына сәйкес келмеуімен, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда жұмыс орындарының қысқаруымен, дербес жұмыспен айналысу мүмкіндігінің болмауымен, қосалқы шаруашылық немесе шағын бизнесті жүргізуге бастапқы қаражаттың және қажетті дағдының жетіспеуімен байланысты болды.

Жұмыссыздардың жекелеген мамандықтар бойынша орта және арнаулы орта білім алу әлеуеті сұраусыз қалып отыр. Тіркелген жұмыссыздар санының жартысынан көбінің (51,5 пайыз) жалпы орта білімі бар, әрбір төртіншісі - орта кәсіптік және барлығы 3 пайызы жоғары білімді. Еңбек рыногына сондай-ақ атап айтқанда ТМД елдерінен, астыртын еңбек күші көші-қоны ықпал етеді. Кәсіпкерлердің көпшілігі азбілікті шетелдік жұмысшы күшінің арзандығы себепті астыртын еңбек күшінің құлшыныспен жалдайды. Бұл жергілікті халықты жұмыспен қамтуға келеңсіз әсерін тигізеді және бейресми секторлар мен заңсыз жалдаудың өсуіне әкеледі. Әдетте біліктілігі жоқ жұмысшы күші болып табылатын оралмандарды жұмысқа орналастыру дәрежесі мардымсыз және ол 2001 жылы бар болғаны 6,8 пайыз құрады.

Жұмыс орындарының тапшылық жағдайында, еңбек рыногында мейлінше төмен



мәртебеге ие мүгедектерді жұмысқа орналастыру проблемасы айырықша шиеленісуде.

Кедейшілік себептерінің бірі экономиканың жекелеген салаларында жалақының төмен деңгейі, табысы төмен жұмыс орындары санының көп болуы, толықтай жұмыспен қамтылмауы болып табылады.

Экономикалық қызметтің барлық түрінде жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа нақты жалақысы 2001 жылы орта есеппен 34458 теңгені құрады (2000 жылға 125,6 пайыз), бұл республикалық орташа деңгейден 2 есе жоғары. Жалақының барынша жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсіптерінде - 65810 теңге болып белгіленген, ал ең төменгі деңгейі - балық аулау мен балық шаруашылығында - 6429 теңге, олардың арасындағы алшақтық 10,2 есе құрайды. Жұмыс істейтін адамдардың едәуір бөлігінің жалақы мөлшері төмен деңгейде қалып отыр: мемлекеттік басқаруда - 17049 теңге (аймақ бойынша жалақының орташа деңгейінің 49,5 пайыз), білім беруде - 11397 теңге (33,1 пайыз), денсаулық сақтауда - 10183 теңге (29,6 пайыз), ауыл шаруашылығында - 8767 теңге (25,4 пайыз).

Ерлер мен әйелдердің жұмыспен қамтылуының, олардың еңбек ақысындағы айырмашылық, еңбек рыногында бәсекеге қабілеттілігі арасындағы айырмашылық әйелдердің кедейленуіне әсер етуде. Негізінен, әйелдер төмен ақылы салаларға (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету салалары, мәдениет) шоғырланған. 1999 жылы әйелдердің орташа жалақысы ерлердің жалақысының 59,8 пайыз, 2000 жылы 48,9 пайыз құрады. Бұл беталыс дәстүрлі "әйелдер" салаларында сақталып келеді және ішкі секторда ерлер көбірек жоғары жалақылы қызметтерді иеленген.

Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда әйелдерді жұмыспен қамту проблемасы мейлінше өткір күйде тұр. Жұмыссыз әйелдердің бестен бір бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. 2000 жылы экономикалық белсенді тұрғындар санында тіркелген жұмыссыздар үлесі ерлер арасында 5,7 пайыз, әйелдер арасында - 6,7 пайыз құрады.

### **3) Шағын бизнестің дамуы**

Кедейшілікті жою, жұмыссыздық деңгейін қысқарту мақсатында қабылданған нақты шаралардың бірі шағын бизнесті дамыту үшін тиісті жағдай жасау болып табылады. Облыста кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы шеңберінде жұмыс жасамайтын азаматтарды кәсіпкерлік қызмет негізінде оқыту жөніндегі іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді. 2001 жылы "Прагма" (ЮСАИД) корпорациясы жобасы бойынша 142 кәсіпкер қазіргі заманғы оқытудың 8 курсы өткізілді: Евразия қорының гранты бойынша "Кәсіпкерлерге арналған бизнес негіздері" бағдарламасы бойынша 77 адам оқыды. "Жаңаөзен Бизнес-инкубаторы" МҚК, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту орталығы" МҚК құрылып, жұмыс істеді.

Облыс бойынша толықтай шағын және орта бизнес субъектілерінің саны ұдайы өсіп келеді және 2000 жылы - 7413 бірлікті, 2001 жылы - 7930 (2000 жылға 107 пайыз), 2002

жылдың бірінші қазанына - 13335 бірлікті (2001 жылдың қаңтар-қыркүйегіне 171 пайыз ) құрады. Шағын бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2001 жылы 26724 адамды құрады, 2002 жылдың тоғыз айында ол 31311 адамға (2001 жылдың тиісті кезеңіне 119,3 пайыз) өсті.

2001 жылы шағын бизнес кәсіпорындарымен 2000 жылға қарағанда 72,5 пайыз артық өнім өндірілді және қызмет көрсетілді (8590 млн. теңге орнына 14814 млн.теңге), 2002 жылдың қаңтар-қыркүйегінде - 13140,3 млн.теңге (2001 жылға 121,5 пайыз).

Соған қарамастан, бүгінгі күні тұрғын халықтың кедей тобының, өз ісін ұйымдастыру үшін қажетті қаражатының болмауы, біліктілігі мен білімінің жетіспеуі, оларға шағын бизнес субъектілері қатыса алатын өңдеуші және қайта өңдеуші секторларды дамыту үшін шикізат базасының болмауы, өнеркәсіптің әлсіз әртараптануы себептерінен, шағын бизнеске қатысуы төмен деңгейде болып отыр.

#### **4) Қоғамдық жұмыстар**

Соңғы екі жылда ақы төленетін қоғамдық жұмыстар көлемі ұлғайып, түрлері кеңейді, бұл жұмыссыздардың көпшілік санын қамтуға мүмкіндік берді. Мынадай қоғамдық жұмыс түрлері пайда болды: мелиоративтік жұмыстар жүргізу, тарихи-сәулеттік ескерткіштерді қалпына келтіру, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу.

2002 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша тіркелген жұмыссыздар саны 5504 адамды құрады, олардан қоғамдық жұмыстарға ағымдағы жылдың қаңтар-қазанында 4400 адам қатысты немесе 80 пайыз. 1997-2001 жылдар кезеңінде қоғамдық жұмыстарда қамтылған жұмыссыздар саны 5,1 мың адамға немесе 15 есе өсті. Бұл жұмыссыздарға арналған жәрдемақыны тоқтатумен байланысты, яғни бос орын тапшылығында жұмыссыздардың көпшілігі үшін табыс әкелудің жалғыз мүмкіндігін қоғамдық жұмыстар жасайды. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға қатынасушы адамдардың жалақы мөлшері өсірілді.

Жұмыссыздардың көпшілік бөлігі мынадай жұмыс түрлеріне қатынасады: елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру, аумақты тазалап жинау. 2001 жылы оларға қоғамдық жұмыстарға қатынасушы жұмыссыздардың жалпы санының 63 пайыздан астамы қатынасты. Алайда қоғамдық жұмысқа төленетін жалақы деңгейі төмен күйде қалып отыр және нақты ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз ете алмайды.

#### **5) Кәсіптік даярлау және қайта даярлық**

2000 жылы кәсіптік оқуға және қайта даярлыққа 114 жұмыссыз жіберілді және оның 10 адамы тұрақты жұмысқа орналасты; 2001 жылы тиісінше 251 жұмыссыз және 110 адам. Жұмыссыздарды, атап айтқанда бизнес негізінде, оқытудың жаңа үлгілері мен әдістері пайда болды.

Алайда облыста жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлық жүйесі қажетті дамуын ала алмады. Кәсіптік оқу мен қайта даярлау курсынан өткен

жұмыссыздардың үлес салмағы, олардың жалпы санының, бар болғаны шамамен 2,2 пайыз құрайды. Жұмыс берушілер тарапынан оқытуға өтінім жоқ және тиісінше әрбір оқыған адамды жұмысқа орналастыру мүмкіндігі жоқ.

Кәсіптік оқу, негізінен, жұмыс іздеу мүмкіндігін көтеру мақсатына бағытталған.

Жұмыспен қамту органдары еңбек рыногының қажеттілігіне бейімделе алмай келеді, кадрларды қайта даярлауда кәсіпорындардың базасын пайдалану әлсіз.

## **6) Шағын қаржыландыру**

Аз қамтамасыз етілген еңбекке жарамды азаматтарды гранттар немесе несиелер беру жолымен шағын қаржыландыру олардың өз бетінше жұмыс табуына және материалдық жағдайын жақсартуына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 103 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аз қамтылған азаматтарын шағын несиелеудің 1998-2000 жылдарға арналған Бағдарламасында аз қамтамасыз етілген азаматтарға бизнес жасауға 400 АҚШ доллары (балама) мөлшерінде шағын несие беру қарастырылған. Алайда шағын несиелеу бағдарламасы қарыз қаражатын қайтарудың анық әзірленген тетігінің және қаржыландырудың орнықты көздерінің болмауы с а л д а р ы н а н д а м и а л м а д ы .

1998 жылы және 1999 жылдың бірінші жарты жылдығында "Шағыннесие" ҮЕҰ жүйесі бойынша жоба іске асқан жоқ. Облыс әкімінің Маңғыстау облысында аз қамтамасыз етілген азаматтарды шағын несиелендіру туралы»1999 жылғы 10 қыркүйектегі NN№224 шешіміне сәйкес отбасылық кәсіпкерліктің дамуы мен аз қамтылған азаматтардың дербес жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін шағын несие беру жөнінде арнаулы комиссия құрылды. 1999 жылы аз қамтамасыз етілген азаматтарға 4748,8 мың теңге сомасында 85 шағын несие, 2000 жылы - 5,3 млн.теңге сомасында 95 шағын несие берілді (әрқайсысына 400 АҚШ долларынан).

Аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөніндегі облыстық қордан 1998 жылы 20,9 млн.теңге сомасында, әрқайсысына шамамен 400 АҚШ доллары құнымен 689 шағын несие берілді, олардан 1999-2001 жылдар ішінде толықтай - 468, ішінара - 97 қайтарылды. Шағын несиелендіру есебінен 2176 жұмыс орны құрылды.

Облыстық қордан аз қамтамасыз етілген азаматтарға шағын несие беру жөніндегі жұмыстар одан әрі жалғасты, алайда аз құнмен: 2000 жылы 1,6 млн.теңге сомасында 41 шағын несие беріліп, 52 жұмыс орны құрылды; 2001 жылы - 3,13 млн.теңге сомасында 73 шағын несие, бұдан 81 жұмыс орны құрылды. Бүгінде осы шағын несиелерден толықтай - 43, ішінара - 26 қайтарылды. Ағымдағы жылы да осы жұмыс жалғасты, 2002 жылдың қаңтар-шілдесінде қордан - 1,9 млн.теңге сомасында 30 шағын несие бөлініп, 15 жаңа жұмыс орны құрылды. Осылардың барлығы қарыз қаражатын қайтарудың тиянақталған тетігінің жоқтығын дәлелдейді.

## **2. Әлеуметтік сала**

### **1) Демография және көпі-қон**

2002 жылдың басында Маңғыстау облысында 332,4 мың адам тіркелді, оның ішінде қала халқы - 256,2 мың адам, селода - 76,2 мың адам тіркелді.

Көп балалы отбасылардың кедей санатына тап болу тәуекелділігі едәуір жоғары. Ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар тұрғындардың жалпы санының 83,6 пайызын 5 адамнан артық адамы бар отбасылар құрайды. Талдау көрсеткендей, көп балалы отбасылар, негізінен ауылдық жерлерде шоғырланған.

1989 жылдан 1999 жыл ішінде (1999 жылғы халық санағының деректері бойынша) Маңғыстау облысында халықтың жалпы саны 3,0%-ке азайды. Сол себепті қалалықтар үлесі 88,6 пайыздан 78,4 пайызға дейін азайса, ал ауылдықтар 11,4 пайыздан 21,6 пайызға дейін үсті. 1991-2000 жылдары облысқа 123,1 мың адам келіп, 155,6 мың адам кетті.

Тұрғындардың ағылып кетуі 1992-1994 жылдары болды, сол кезде 78,4 мың адам кетті. Облыстан тысқары жерге кеткендердің айтарлықтай бөлігі еңбекке жарамды және білікті азаматтарды құрады, бұл еңбек ресурстары балансын өзгертуге және кедейшілік факторын тереңдете түсуге әсер етті. 1995 жылдан бастап жағдайды тұрақтандыру басталды, жыл сайын оң сальдо арта түсті.

Алайда стихиялық көші-қон, жағын шет елдерден қазақ диаспоры өкілдерінің көшіп келу тасқынының артуы аймақтағы кедейшілік жағдайға теріс әсер етті. Жақын шетелдерден жергілікті ұлт өкілдерінің көшіп келуінің артуының негізгі себебі, Қазақстанмен салыстырғанда Өзбекстан, Түркменстан және Қарақалпақстандағы әлеуметтік-экономикалық деңгейдің төмендігі, сондай-ақ Ауғанстандағы болып жатқан әскери іс-қимыл болып табылады.

Жыл сайын облысқа белгіленген квотадан едәуір артық қоныс аударушылар келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің «"2001 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы N№628 Жарлығына сәйкес Маңғыстау облысы үшін барлығы 56 отбасына (279 адам) квота бекітілген. Алайда 2001 жылы көшіп келген жергілікті ұлт өкілдерінің саны 7731 адамды құрады, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 1,9 есе артық (4008 адам).

Ағымдағы жылы облысқа келуші қоныс аударушылар санының өсуі жалғасуда. Облысқа 2002 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 1790 отбасы (немесе 5830 адам), оның ішінде Түркменстаннан - 770 (2734 адам), Қарақалпақстаннан - 686 (2087 адам), Өзбекстаннан - 290 (919 адам) келді.

Келген оралман отбасыларының негізгі бөлігі - көп балалы және аз қамтылғандар. Көптеген оралмандардың жоғары білімі, ал кейбіреулерінің тіпті толық орта білімі жоқ. Көпшілігі төмен білікті, еңбек рыногының талаптарына сәйкес келмейді. Осы факторлар аймақта кедейшілік деңгейі мен жұмыссыздықтың өсуіне әсерін тигізуде.

Жұмыс орындарының жетіспеуі, нашар әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, жастар үшін ауылды дамыту мен демалысқа арналған жағдайдың болмауы және басқа да проблемалар тұрғын халықты неғұрлым қолайлы жерлерге өз бетінше орналасуға

мәжбүр етеді. 2001 жылы облысшілік көші-қон 4378 адамды құрады. Көші-қонның өсуі Ақтау қаласында байқалды: облысшілік көші-қонның оң сальдосы 2094 адамды және Жаңаөзен қаласында - 69 адамды құрады.

Облыстың барлық аудандары бойынша облысшілік көші-қонның теріс сальдосы байқалды: Бейнеу ауданы бойынша - 83 адам, Қарақия ауданы бойынша - 718 адам, Маңғыстау ауданы бойынша - 704 адам, Түпқараған ауданы бойынша - 199 адам.

## **2) Тұрғын халықтың денсаулық сақтау қызметімен қамтамасыз етілуі**

Реформа барысында психологиялық күйзелу, құнарсыз тамақтану мен экологияның жиынтық әсер етуі науқастанудың тез артуына, әсіресе тұрғын халықтың кедей топтары үшін тән сипат алатын ауру түрлері бойынша, ықпалын тигізеді.

Облыста нәрестелердің шетінеу деңгейі (1 жасқа дейінгі балалар) республика бойынша жоғары және 2001 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 6,5 пайызға артты (100 мың тірі туылған балаға 27,9). 2002 жылдың тоғыз айында 100 мың балаға 22,38-ге дейін (84,1 пайыз 2001 жылдың ақпан-қыркүйегіне) төмендеудің оңды беталысы байқалды. Іс жүзінде қаны аздықпен науқастанатын жүкті әйелдер үлесі сол деңгейде сақталып отыр: 2000 жылы - 89,9 пайыз, 2001 жылы - 88,1 пайыз.

Туберкулезбен науқастанатындар деңгейінің 100 мың адамға шаққанда 2000 жылға 258,9-дан 2001 жылы 247,8-ге дейін (95,7 пайыз) азаюына қарамастан, бұл көрсеткіш едәуір жоғары күйінде қалуда (орташа республикалық деңгейден 59 пайыз жоғары). Ағымдағы жылдың тоғыз айында туберкулезбен науқастану өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 13% азайды және 100 мың адамға шаққанда 177,9 құрады.

Облыста денсаулықтың маңызды басты көрсеткіші ер адамдардың өмір сүру ұзақтығының төмендігі болып отыр. Олар әйелдерге қарағанда 12,7 жасқа кем өмір сүреді (71,3 жасқа 58,6 жас). Мұның себебі күйзелістер, жұмыстағы жоғары тәуекелділік, ішімдік тұтыну болып табылады.

Медициналық мекемелерде "нашақор" диагнозымен 2001 жылы 711 адам, оның ішінде жасөспірімдер - 8 және әйелдер - 36 адам есепте тұрады. 2002 жылғы 1 шілдеге олардың саны 984 адамға дейін өсті, оның ішінде жасөспірімдер саны 3, әйелдер - 14 адам құрады. Көрсетілген диагноздағы барлық адамдар ешқайда жұмыс жасамайды ж ә н е о қ ы м а й д ы .

2001 жылы денсаулық сақтау органдарында АҚТК/ЖҚТБ жұқтырған 8 адам келген, оның жартысы (4 науқас) ішкі қан тамырларына есірткі жіберу арқылы жұқтырған.

Реформа жылдары халыққа медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының желісі 82-ден 68 бірлікке дейін қысқарды, оның ішінде амбулаториялық-емханалық ұйымдар саны 55 бірліктен 42-ге дейін қысқарды. Сонымен қатар ақылы қызмет спектрін кеңейту жалпы көпшілік үшін медициналық қызметті шектеуге әкелді. Көрсетілетін медициналық қызметтің жалпы көлеміндегі ақылы қызмет үлесі 2000 жылы - 5,3 пайыз, 2001 жылы - 5,7 пайыз құрады.

Ауылдық денсаулық сақтау ісі мейлінше күрделі жағдайда тұр. 1997 жылдан 2000 жыл аралығында фельдшерлік және фельдшерлік-акушерлік пункттер саны 6 бірлікке қысқарды (17-ден 11 бірлікке дейін).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жақсарту жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 26 сәуірдегі №472 қаулысын іске асыру ауылда денсаулық сақтау ісін дамытуды жақсартуға мүмкіндік берді. Бүгінде облыста медицина қызметкері немесе медициналық ұйымы жоқ елді мекендер жоқ. Фельдшерлік-акушерлік пункттердің, ауылдық учаскелік ауруханалардың (АУА) ауылдық дәрігерлік амбулаториялардың (АДА) материалдық-техникалық базалары жақсарды. Ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін бірқатар дәрігерлік амбулатория жанынан тұрақты емдеу орындары ашылды.

Соған қарамастан мемлекеттік секторда, медициналық қызмет көрсетудің сапасы төмен, медициналық қызмет көрсету мен дәрі-дәрмектердің бағасы жоғары, тегін медициналық қызмет көрсетулердің тізбесі туралы ақпарат жеткіліксіз. Тұрғындар денсаулығының орташа көрсеткіштерінің жақсаруына қарамастан (мысалы, адамдар өлімі, сырқаттану) жұқпалы аурулар, әлеуметтік аурулар (туберкулез, ішек, сары аурулар) көбейе түсуде, не азаяр емес.

### **3) Білім алу**

Облыста мектебі жоқ, бірақ мектеп жасындағы балалар саны норматив бойынша қажет ететін 7 елді мекен бар. Сонымен қатар балалары жақын маңдағы кенттерге баратын немесе мектеп-интернаттарда оқитын аз санды елді мекендер бар. Күнделікті тасымалдап жеткізуді қажет ететін 2,8 мың оқушы үшін оқу орнына дейін тұрақты тасымалдап жеткізу ұйымдастырылған. Облыс бойынша мектеп жасындағы жетім балалар саны - 489, олардың барлығы оқумен қамтылған.

Мектептен тыс қалған балалар мен жастар арасында аз қамтылған және қолайсыз отбасылардың өкілдері едәуір үлес құрайды. Тұрақсыз материалдық жағдай, жұмыссыздық және амалсыз көшіп-қону, отбасының бюджет жағдайына әсер етеді және жекелеген отбасыларын білімнен үнемдеуге мәжбүр етеді. Нәтижесінде балалар не тіршілік етуге қаражат табушы болады, не қаңғыбастыққа және үйсіздікке айналады.

2001 жылы 10 күннен артық мектепке бармаған 50 бала, 2002 жылы 32 бала. Мектепке бармаған жағдайында ішкі істер органдарына тіркелген балалардың барлық саны 2001 жылы - 119 бірлікті, оның ішінде қолайсыз отбасыларынан 10 жағдай, 2002 жылдың бірінші жарты жылдығында - тиісінше 185 және 19, жағдай құрады.

Аз қамтылған отбасы балаларының, жетім балалардың және денсаулығы нашар балалардың білім алуға толықтай қолы жеткенімен тағы бір проблема - ыстық тамақпен қамтамасыз ету болып отыр. Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың жалпы санының 12,0 пайыз құрайтын 10288 баланың, бүгінде 10107-і тегін ыстық тамақ ішеді

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының қабылдануы, "Білім беру"» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және Үкіметтік "Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі туралы" қаулысы білім беру қызметін көрсетулерге қол жетімділікті кеңейтуде біршама оң ілгерілеушілік әкелді. 1999 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептер санының бірте-бірте ұлғаюы байқалуда.

Алайда білім беру қызметінің сапасы оны тұтынушылар үшін әлі де болса сапалы білімге қол жеткізуіне елеулі кедергі болып қалуда.

#### **4) Тұрғын халықтың әлеуметтік-мүжәлсіз тобын әлеуметтік қорғау жүйесі**

Қоғамды әлеуметтік саралап жіктеудің күшеюі және денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен қоғамдық көліктердегі ақысыз қызмет көлемінің қысқаруы халықтың әлеуметтік көмекке қажетінің өсуіне әкелді. Егер 1997 жылы әлеуметтік қамту мен әлеуметтік көмекке арналған шығын үлесі мемлекеттік бюджет шығыстары жалпы сомасының 4,0 пайыз құраса, 1999 жылы ол - 7,6 пайыз болды. 1999 жылдың аяғында кедей санатына мүгедектік, жалғызділікті аналар мен көп балалы отбасылардан басқа, балалар, жастар, зейнеткерлер, жұмыссыздар, үйсіздер, көшіп келушілер мен босқындар жататын болды.

1999 жылы кедейшілік шегін анықтайтын "Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы" Заңның қабылдануымен атаулы көмек көрсетудің өлшемі ретінде елді мекендердің әлеуметтік-еңбек картасын құру жолымен аз қамтылған отбасылар есебі жинақтала басталды. Әлеуметтік көмек барынша атаулы бола бастады.

2000 жылы атаулы әлеуметтік көмекті 27,8 мың аз қамтылғандар, тұрғын үй жәрдемін 4,7 мың адам алды, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері 624 теңгені құрады.

Аймақтық деңгейде атаулы әлеуметтік көмекті алушылар саны 2001 жылы 28,1 мың адамға дейін, көмектің орташа мөлшері - 860 теңгеге дейін өсті (2000 жылға 137,8 п а й ы з ) .

2001 жылы жергілікті бюджеттен әлеуметтік қамту мен әлеуметтік көмекке ( арнаулы мемлекеттік жәрдемнен басқа) - 835,3 млн.теңге, оның ішінде атаулы мемлекеттік көмекке 289,7 млн.теңге игерілді.

Әлеуметтік көмекке мұқтаждар жалпы санының зейнеткерлер үшін кедейшіліктің жоғары тәуекелі туралы таралған пікірге қарамастан 54,2 пайыз - балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер, 34,0 пайыз - жұмыссыздар, 2,2 пайыз - зейнеткерлер мен 8,1 пайыз - жұмыс істейтін азаматтар құрайды.

Аз қамтылған азаматтарды анықтау барысында олардың өздерінің нақты жиынтық табысын жасыру проблемалары кездеседі. Әлеуметтік көмекті беру мәлімдеу принципі бойынша жүргізіледі және оны алушылар саны ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар тұрғындардың санына барлық уақытта бірдей сайма-сай келе бермейді.

Мәселен, жоғарыда аталғандай ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар тұрғындардың үлесі, 2001 жылы 46,1 пайыз, ал кедейшілік шегінен төмен табысы бар және әлеуметтік көмек алатын тұрғындар үлесі - 11,3 пайыз құрады.

### **3. Кедейшіліктің инфрақұрылымдық аспектісі**

Инфрақұрылымның дамуы, тұрғын халықтың барлық тобының және оның ішінде кедейлердің экономикалық белсенділігіне, өмір сүрудің тұрақтылығына ықпал етеді, рынокқа және әлеуметтік саланың қызмет көрсетулеріне қол жетуін қамтамасыз етеді, соған қарамастан аумақтың шашыраңқылығы, материалдық және ақпараттық ресурстардан қашықтығы, хабарлау құралдарының жоқтығы кедейшілікті туындату себептерінің бірі болып табылады.

#### **1) Тұрғын халықты тұрғын үймен және коммуналды қызметпен қамтамасыз ету**

Маңғыстау облысында тұрғын халықтың тұрғын үймен орташа қамтамасыз етілуі 2001 жылы бір адамға жалпы алаңы 14,5 шаршы метр шамасында болды. Бұл ретте тұрғын үймен ең төмен қамтамасыз етілу Маңғыстау және Қарақия аудандарында тиісінше 9,2 және 10,5 шаршы метр болып қалыптасты. Облыста он жылдан асты муниципалдық тұрғын үй құрылысын салу жүргізілген жоқ, жеке тұрғын үй құрылысын салу тек соңғы екі жылда күрт жанданды, бұл ретте құрылыс қалалық қоныстану шегінде басымдықпен жүзеге асырылуда.

Су құбырларымен, орталық жылумен, канализациямен, ваннамен және басқаларымен жабдықталған тұрғын үйлердің көпшілік пайызы Ақтау және Жаңаөзен қалаларының үлесіне тиеді 95,5 пайызға дейін, ауылдық жерлердегі тұрғын үйлер негізінен газбен - 50,9 пайыз, қалған жабдықтар бойынша - 16 пайыздан аспайтын орталықтандырыла қамтамасыз етілген.

Тұтынушылардың жалпы берешегінде тұрғын халықтың борышы 1959,7 млн. теңге (88,2 пайыз) құрайды, бұл коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайының төмендеуіне ықпал етіп, оларды банкротқа жиі итермелейді. Нәтижесінде жұмыссыздар армиясын толықтыратын жұмысшылар босайды. Қазіргі кезде Ақтау қаласында "Союз" ЖШС кәсіпорны сауықтыру сатысында тұр, "ЖСҚ және СБ" МКК қаржы-экономикалық жағдайы бойынша банкрот шегіне тұр, Түпқараған ауданында "Сумен жабдықтау" МКК мен "Ақшұқыр" МКК - ықтималды банкроттар, оларды банкроттауды бастау жөніндегі материалдар сот органдарына ұсыну үшін дайындық сатысында тұр. Аз қамтылғандардың шығынын өтеу үшін тұрғын үй жәрдем ақысы мен әртүрлі көмек түрлерін беру жүйесі проблемаларды біршама бәсеңдетеді, бірақ аяғына дейін шешпейді, себебі борыштың мардымсыз бөлігін өтейді.

#### **2) Тұрғындардың сумен, оның ішінде таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі**

Сапалы ауыз судың жеткіліксіздігі - аймақтағы кедейшіліктің деңгейін барынша анық көрсететін көрсеткіш.

Маңғыстау облысында сапалы ауыз сумен жабдықтауы қамтамасыз етуде елеулі



проблемалар жеткілікті. Облыста орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету екі негізгі көздер арқылы жүзеге асырылады: ұзақтығы 1010 шақырым "Астрахань-Маңғышлақ" су құбыры және теңіз суын тұщыту жолымен ауыз су өндіріп, Ақтау қаласы мен Қаракия ауданы Құрық селосын қамтитын "МАЭК" РМК.

"Астрахань-Маңғышлақ" су құбыры 1987 жылы пайдалануға берілді және қазіргі уақытта қайта жаңартуды қажет етеді, себебі ұзақ пайдалану және орта кейбір учаскелердің тозуына әкелді, сонымен қатар барлық желілердің ұзына бойында тазарту имараттары жоқ. Нәтижесінде су құбыры өтетін Бейнеу селосы негізінен техникалық қажеттілікке пайдаланылатын сапасы төмен ауыз су алады. Жаңаөзен қаласы қазіргі уақытта "Өзенмұнайгаз" ААҚ қаражаты есебінен құрастырылған "Дегремон" тазарту қондырғысы арқылы алады. Еділ суымен техникалық мақсатқа сондай-ақ, Қаракия ауданының Жетібай және Мұнайшы кенттері қамтамасыз етіледі.

Ауылдық елді мекендерде бар барлық су құбырларының желісі іс жүзінде бүгінде пайдалануға жарамсыз, себебі тұрғындардың төлем қабілетсіздігіне әкеліп соққан экономиканың құлдырау кезеңінде су құбырларының желісіне ағымдағы жөндеу жасауға қолдау көрсетілмеді және толықтай жарамсыз күйге келді. Осындай жағдай Бейнеу ауданында, сонымен қатар, Қаракия, Түпқараған аудандарында да қалыптасқан. Облыс халқы жалпы санының 27 пайыз астамы ауыз суды орталықсыздандырылған көздерден пайдаланады.

Сапалы ауыз судың тапшылығы біздің аймаққа тән ерекше табиғи-климат жағдайына қиындататын бау-бақшалықтың дамымай қалуының себебі болуда. Нәтижесінде тамақ өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету, жұмыспен қамту проблемаларын шешуде тұрғын халықтың мүмкіндігі шектелуде.

### **3) Тұрғын халықтың жолдармен, көлікпен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілуі**

Кедейшілік өлшемінің жанама индикаторы әлеуметтік игілік пен көрсетілетін қызметке қолы жетпеу болып табылады. Кедейлер үшін көлік қызметіне қол жетуін жақсартуда автомобиль жолдары мен автокөлік тасымалы маңызды рөл атқарады.

Автомобиль жолдарының жағдайын жақсарту жөніндегі өткізілген іс-шараларға қарамастан, күні бүгін облыста 16 ауылдық елді мекен жол қатынасының жалпы желісі бар қатқыл төсеністі жол бойынша байланысы жоқ күйде қалып отыр.

Экономикалық құлдырау кезеңінде халықтың көлік тасымалына деген сұранысының азайып, көптеген мемлекеттік автобус маршруттары қысқарды, бұл медициналық қызмет, білім беру мен басқа да әлеуметтік игіліктерді пайдалануын шектеді. Әсіресе жауын-шашын және аяз көп болатын қысқы және күзгі уақыттарда жағдайды қиындатты. Жекелеген селолық аудандардағы шағын елді мекендерде көлік қатынасы үзіліп қалды, бұл кедейлік жағдайды онан сайын қиындатты.

Алайда, соңғы жылдары ауылдық елді мекендерде жеке жолаушы тасымалының өскені байқалады. Жолаушы тасымалының көлемі 2001 жылы 13958,5 мың адам құрады, оның ішінде ауылдық жерлер бойынша - 1185,3 мың адам, бұл 2000 жылғы



пайызына қатынасы, 2001 жылы бірінші тоқсанда өте жоғары - 15 есе артық болды.

Облыс аумағында кедейшіліктің таралуы бойынша ауданаралық табысты саралап жіктеуде ең алдымен көрініс беретін елеулі түрде аудандық айырмашылық бар. Аудандар бойынша орташа жалақы деңгейі жөніндегі саралап жіктеу 5 есе құрайды.

Мәселен, орташа нақты жалақының ең көп деңгейі 2001 жылы Жаңаөзен қаласында - 43504 теңге және Ақтау қаласында - 34883,5 теңге болды.

Жалақының орташа деңгейі, соңғы жылдары тас өндіру кәсіпорындары мен мұнай өндіру кәсіпорындары белсенді қызметін кеңейте түскен Қарақия ауданында - 17785,1 теңге және Түпқараған ауданында - 15572,4 теңге болып қалыптасты. Ауыл шаруашылығына бағдарланған аудандарда: 2001 жылы Бейнеу ауданында - 12450,6 теңге (орташа облыстық көрсеткішке 34,3 пайыз) және Маңғыстау ауданында - 8714,3 теңге (орташа республикалық көрсеткішке 24,0 пайыз) болып, жалақы төмен деңгейде қ а л ы п о т ы р .

Облыс аудандары арасындағы табыстарындағы осындай елеулі айырмашылық Ақтау және Жаңаөзен қалаларында өнеркәсіптің басымырақ шоғырлануымен және оның селолық аудандарда болмауымен, сондай-ақ ауыл шаруашылығының нашар дамуымен түсіндіріледі. Соңғысы аймақтың табиғи-климаттық ерекшеліктеріне б а й л а н ы с т ы б о л у д а .

Аудандар кедейшілік деңгейі бойынша да, жұмыспен қамту деңгейі бойынша да ерекшеленеді. Аудандарда жұмысшы күшіне сұраныстың құлдырауы, көбіне олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы ерекшеліктерімен, құрылымдық қайта құру қарқынымен, өндірісті техникалық қайта жарақтандыру және басқа да көптеген ф а к т о р л а р м е н а н ы қ т а л а д ы .

Кедейшіліктің әлеуметтік аспектілері (білімге, денсаулық сақтауға немесе инфрақұрылымға қолы жетуі) аудандар бойынша әртүрлі дәрежеде. Айырықша көзге түсетіні б а л а ө л і м і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бала өлімінің жоғары коэффициенті (1 жасқа дейінгі балалар) 2001 жылы Түпқараған ауданында (орташа облыстық деңгейден 28,7 пайыз жоғары) және Ақтау қаласында (9,6 пайыз), мейлінше төмен көрсеткіші - Бейнеу ауданында (орташа облыстық деңгейден 20,5 пайыз төмен) және Маңғыстау ауданында (17,3 пайыз) байқалды.

## **2) Шағын, оның ішінде экономикасы дағдарыстағы, қалаларда тұрғын халықтың кедейленуі**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.К.Мәсімовте болған 2002 жылғы 16 мамырдағы N№11-7/И-178 кеңес Хаттамасына сәйкес күйзелген экономикалық шағын қала болып, біздің облыс бойынша Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы белгіленді. Түпқараған ауданы бойынша тіркелген жұмыссыздар деңгейі облыста ең жоғары: 1.09.02 ж. - 3,7 пайыз орташа облыстық деңгей о р н ы н а - 6 , 0 п а й ы з .

Форт-Шевченко қаласында тұрғын халықтың кедейленуінің өсуі негізінен өндірістің ұзақ уақыт құлдырауымен, балық және басқа да теңіз өнімдерін аулаумен және қайта өңдеумен айналысатын қаладағы негізінен қала құрылысын құрайтын кәсіпорын - "Қазақрыбфлот" ААҚ ұзақ жылдар бойына тоқтап тұруымен байланысты болды. "Азия Бизнес Консалтинг" БК ААҚ компаниясының кәсіпорынды сенімді басқаруына қабылдаған кезінен бері жұмыстан 2000 адам шамасында босатылды.

Қала өнеркәсібінде ұлу тас өндіретін бірден бір кәсіпорын "АТК" ЖШС бар. "Қазақстан Каспийшельф" қаражатына өз қажеттері мен тұрғын халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін салынған "Баута" су тұщыту зауыты жұмыс істейді. Алайда, зауыт өз өнімін едәуір жоғары бағамен сатып өткізеді, оған тұрғын халықтың басым көпшілік бөлігінің қолы жетпейді.

Форт-Шевченко қаласы шегіндегі Қашаған кенорнына іздестіру барлаудың басталуымен Аджип ККО компаниясының филиалы, сондай-ақ мұнайгаз секторына ілеспелілік өндіріспен айналысатын бірқатар кәсіпорындар, өндірістік қызметін жүзеге асыруда. Ауданның мұнайгаз секторының кәсіпорындарында әкімшілік және инженер-техникалық құрам кіретін 680 адам жұмыс істейді, оның бар болғаны - 187-і - Форт-Шевченко қаласының тұрғындары. Аджип ККО-дағы 45 қызметкерлердің бар болғаны 12-і Форт-Шевченко қаласының тұрғындары, "Бехтель Энка" БК - 476 қызметкердің 156-ы Форт-Шевченко қаласының тұрғындары.

Ауданның өнеркәсіп секторында жұмыспен қамтылғандардың төмен деңгейі жұмыссыз тұрғындардың мұнайгаз секторы жұмысына кәсіби дайындықсыздығымен түсіндірілді.

Түберкулезбен науқастанудың өсуі проблемалы мәселе болып қалып отыр. 2000 жылы Түпқараған ауданы бойынша науқастану коэффициенті 100 мың адамға 1999 жылғы 133,8 орнына 232,3, 2001 жылы - 260,5 (2000 жылға 112,1 пайыз) құрады.

### **3) Ауылдық, оның ішінде экономикалық дағдарыстағы, жерлердегі тұрғын халықтың кедейленуі**

Кедей тұрғындардың негізгі үлесі ауылдық жерлерде тұрады. Әу бастан өмір сүрудің қолайсыз әлеуметтік жағдайы орташа облыстық барлық әлеуметтік параметрі бойынша іс жүзінде артта қалғандығы айқындалған күйзелген селолық аудандарда айырықша өткір жағдай қалыптасқан.

Ауыл тұрғындарының нақтылы ақшалай табысы іс жүзінде қалалықтарға қарағанда екі еседей кем. Ауылдық жерлерде тұрғын халықтың орташа жан басына шаққандағы табысы 2001 жылы 18900 теңге құрады, бұл қалалық жердегілерге қарағанда 72,8 пайыз кем (69437 теңге). Соңғы жылдар бойына ауыл шаруашылығы өндірісі жұмысшыларының жалақысы облыста ең төмендердің бірі болып отыр. 2001 жылы ол 8369 теңгені құрады немесе облыс бойынша жалақының орташа деңгейіне 23 пайыз және өнеркәсіптегі орташа айлық жалақы деңгейіне 16 пайыз құрады.

Еңбекке қабілетті жастағы әрбір бесінші ауыл тұрғыны жұмыспен қамтылу

жүйесінен тыс қалды. Ауылда жұмысқа орналасу 2001 жылы 23 пайыз құрады. Еңбектің аграрлық рыногын жұмыспен қамтылуында көбіне маусымдық өндіріспен айқындалатын, бейімделген мамандармен механизаторлармен, малшылармен, агрономдармен, зоотехниктермен көрініс берді.

Ауылдағы денсаулық сақтау мен білім берудің базалық әлеуметтік қызметіне қол жеткізу деңгейі күрделі күйде қалып отыр; шаруашылық ішілік жолдар, коммуникация жақсартуды талап етеді, тұрғын халықтың көші-қон қозғалысының даму беталысы бар.

Ауылдағы кедейшілікке ауыл шаруашылығының өндіріс құралдарын, энергия ресурстары мен материалдар жеткізетін аралас салаларға экономикалық тәуелділігі, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау базаларының дамымауы әсерін тигізеді. Ауылдағы кедейшіліктің негізгі себебі толығымен ауыл шаруашылық секторының тиімсіздігі, саланың салыстырмалы төмен табысы, инвестицияның тартылмауы болып табылады.

#### **4) Тұрғын халық кедейленуінің экологиялық аспектісі**

Экологиялық әсер тұрғын халықтың кедей топтарының өміріне елеулі түрде әсерін тигізеді. Судың, ауаның ластануы, жердің шөлге айналуы шөлдену негізгі факторлары болады.

Сумен жабдықтау мен кедейшілік бір-бірімен өзара байланысты проблемалар. Облыс тұрғындарының сумен қамтамасыз етілуі су құбыры арқылы - 70,1 пайыз, орталықсыздандырылған көздермен - 1,1 пайыз, тасымалданатын сумен 28,8 пайыз құрайды. Сапалы ауыз суға қолы жетпей отырған тұрғындар үлесі 2001 жылы облыс тұрғындары жалпы санының 5,6 пайыз құрады.

Негізгі проблемалы мәселелер Стандартқа сәйкес келмейтін, ауыз су мақсатына арналған "Астрахань-Маңғышлақ" топтық су құбырынан тұрғын халықтың сапасы кепілдіксіз суды тұтынуы негізгі проблемалық мәселе болып табылады. Бұрынғыша, негізінен аз қамтылғандар тұратын ББС (СОТ) тұрғындарын (саяжай учаскелері) сумен қамтамасыз ету көкейтесті проблема болып қалуда. Тұрғындар суды резервуарларға жинап, ұзақ уақыт сақтайды, сапалы су сатып алуға қаражаты жетпеуі салдарынан, ішуге тіпті суаруға арналған суды пайдаланады, құдық қазып алады.

2001 жылы жұқпалы іш ауруымен (ОКИ) сырқаттану 2000 жылмен салыстырғанда 2,4 есе өсті және 100 мың адамға 483,9 құрады. ОКИ сырқатқа шалдығудың негізгі факторы тамақ факторы (75 пайызға дейін) және тұрғын халықтық ауыз сумен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі болып табылады. Жұқпалы іш ауруларымен науқастанудың жоғары деңгейі Ақтау қаласында байқалып отыр: 2002 жылдың қаңтар-тамызында 100 мың тұрғынға шаққанда 284,36 құрады, бұл - 2000 жылдың тиісті кезеңінен 1,8 пайыз жоғары; Жаңаөзен қаласында - облыстық орташа көрсеткіш - 250,36 орнына 224,7 (2000 жылға 106,0 пайыз) болды. Бактериологиялық іш аурулармен науқастану 1,3 есе өсуі белгіленіп отыр (100 мың адамға шаққанда 2000 жылғы 24,10 орнына 31,33). Іш ауруларымен ауырудың 25 пайыз оқиғасы саяжай учаскелерінде тұратын, қолайлы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілмеген

элеуметтік-мүжәлсіз

отбасыларында

тіркелді.

Мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы экологиялық ахуалды жақсартуға ықпал етпейді. Бүгінде облыста теңіздің ластану көздері болып табылатын және бекіре балықтарының бағалы түрлерін құртуға әсерін тигізетін ондаған су басқан мұнай ұңғымалары бар.

Алаулап жанып тұрған ілеспе газдарды толықтай қайта пайдалану, қоршаған ортаның ластанған өнімдерін жағу жөніндегі іс-шаралар жеткіліксіз көлемде жүзеге асырылуда. Мұнай газы, сондай-ақ кәсіпорындармен оны магистралды құбыр желілерімен тасымалдау үшін дайындау кезінде қыздыру пештерінде жағылады.

Мұнай қоймаларынан, ағынды орындарынан мұнай көмірсутектерінің табиғи кемуі, мұнайды жинақтау, тасымалдау және дайындау кезіндегі шығындануы атмосфераны ластау факторы болып табылады. Атмосфераға көп көлемде булы газдық, күкірт пен азот тотығының көп мөлшері шығарылып, кен орындарының төңірегінде жоғары жылу

а я с ы

қ а л ы п т а с а д ы .

Ұзақ уақыт бойына облыс орталығы мен Каспий теңізінің жағалау бөлігіне тікелей жақын орналасқан Химия кешені өндірісі мен өнеркәсіптің басқа да салаларының құрамында уран бар қатты және сұйық радиоактивтік қалдықтарының ауқымды мөлшері шоғырланған "Қошқар Ата" қалдықтар қоймасын қайта қалпына келтіру және түпкілікті көму проблемалары шешімін таппай келеді. Қалдықтар қоймасындағы сұйық фазасының деңгейі 1999 жылдан бері тез төмен түсуде, бүгінде 35 шаршы километрi жалаңаштанды, желдің 10 км/сағ. артық жылдамдығы кезінде оның 20 км шаң-тозаңға бөгуде. Радиоактивтік шаң бөлшектері облыс орталығының тұрғын үй алабын қамтиды , Каспий суына улы заттардың түсу қаупі бар.

Мұның бәрі тұрғындардың элеуметтік-маңызды сырқаттармен науқастануының өсуіне әсер етуде. Қатерлі ісік аурулармен сырқаттану 1999 жылдан бері 12,0 пайыз -ке ұлғайды және 2001 жылы 100 мың адамға шаққанда 135,3 құрады. Облыс бойынша жердің жалпы көлемі 165 мың шаршы километр құрайды, одан мазутпен бөлінген жер көлемі 1153,4 га, мұнайлы қойма саны 495 дана, қоймадағы мұнай көлемі 322,5 мың тонна құрайды. 2002 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алдын ала жасалған зерттеу бойынша ұйымдастырған алаңдар мен қоймаларда 60,2 млн.тонна өндіріс және тұтыну қалдықтары жинақталған.

Жер сапасының нашарлауы тұрғын халықтың өмір сүру деңгейіне, егін шығымдылығының, мал басы мен мал шаруашылығы өнімділігінің төмендеуіне әсерін тигізеді, бұл өз кезегінде жұмыссыздықтың өсуіне, тұрғын халықтың көшіп-қонуына әсер етеді. Тұрғындар науқастануының өсуі, еңбек рыногында олар үшін еңбекке ынтасы төмен, әлсіз психологиялық сауықтыруға әлсіз сипатындағы толымсыз жұмыс күштері - "экологиялық" топтары пайда болады.

**5. Жергілікті атқарушы органдармен үкіметтік емес ұйымдардың кедейшілік деңгейін төмендетудегі бірлескен қызметі**

Барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдар аймақтағы кедейшілік деңгейді азайтуға айырықша көңіл бөлу де.

Төмендегі шаралар қолданылып келеді:

облыс кәсіпорындарында жаңа жұмыс орындарын ашуға жәрдемдесу, орта және шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай құру жөнінде;

облыста тұрғындарға әлеуметтік дамудың (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету) мемлекеттік қызметін көрсетуді жақсарту, қоғамдық инфрақұрылымды қалыптастыру (қоғамдық объектілер, жолдар құрылыстары, көлікпен қамтамасыз ету және т.б.) жөніндегі;

неғұрлым мүжәлсіз еңбекке жарамсыздардың, мүгедектердің, көп балалы отбасыларының, уақытша еңбекке жарамсыздардың, қартайғандар қамқоршысының, науқастардың, үйсіздердің және т.б. атаулы санаттарын әлеуметтік қамтамасыз ету жөнiнде.

Соңғы жылдары жергілікті атқарушы органдар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қызметтерін жандандырды. Жыл сайын әлеуметтік жобаларды қаржыландыру, қоғамдық инфрақұрылымды дамыту көлемі артуда, аз қамтылған азаматтарға жергілікті бюджеттен, бюджеттен тыс қаражаттардан, әкімдердің бос қаражаттарынан қосымша әлеуметтік көмек көрсетілуде.

Алайда, проблемалар сол күйінде қалуда, көрсетілетін қызметтің төмен сапасы орын алуда. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждарды анықтау жүйесі алдағы уақытта да жетілдіруді қажет етеді. Денсаулық сақтау, білім беру қызметкерлерінің мемлекет кепілдендіріп отырған ақысыз қызметке ақы алған жағдайлары бар, бұл тұрғын халықтың кедей санаттарының жағдайын қиындатады.

Жұмыссыздыққа және кедейшілікке қарсы күресте үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) рөлі аз емес. Облыста бүгінде әртүрлі деңгейде 144 ҰЕҰ тіркелді, соның шамамен 60-тайы белсенді жұмыс істейді, оның ішінде 20-ға жуығы кәсіподақ ұйымдары.

ҰЕҰ жұмыспен қамтуға, шағын несиелеуге, кәсіпкерлікті дамытуға, қайырымдылыққа, тұрғын халықтың әлеуметтік қолдауға мұқтаж топтарына, табиғи, психологиялық проблемалары бар адамдармен сауықтыру, түзету жұмыстарына, емделмейтін науқас адамдармен, тәуекелді топтарымен (нашақорлар, маскүнемдер, панасыз балалар) жұмыстарға, адам құқын қорғау, экология және басқалар сияқты бағдарламаларды іске асыруға қатысады.

1999 жылдан бастап құрамына облыс әкімияты, облыстық кәсіподақтар бірлестігі; жұмыс берушілер өкілдері кіретін әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын әлеуметтік серіктестік және реттеу жөніндегі облыстық үш жақты комиссия құрылып, жұмыс істейді. Комиссияда әлеуметтік серіктестік, кәсіпорындардағы, балаларға және басқаларға арналған сауықтыру компаниялары ұйымдарындағы жарақаттану мәселелері қаралады. Қазақстан Республикасының "Әлеуметтік серіктестік туралы"

**заңына** сәйкес үш жақты келісім жасалады.

Дегенмен облыста кәсіподақ ұйымдарының рөлін мойындамайтын және үш жақты комиссияға қатынаспайтын, Қазақстан Республикасы заңын ішінара бұзатын шетелдік компаниялардың айтарлықтай саны жұмыс істейді. Жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының нақты тұжырымдамасы жоқ, бұл осы және басқа да әлеуметтік проблемаларды шешуде орлардың жәрдемдесу тәртібін анықтаған.

Мұның барлығы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдай мен әлеуметтік климатқа теріс әсерін тигізеді, кедейшілікті еңсерту мәселесінде жаңа проблемалар туғызады.

## **6. Кедейшілік деңгейін азайтудағы жеке секторлардың рөлі**

Кедейшілікті азайтуда жеке сектор айтарлықтай рөл атқарады. Ол тұрғын халықтың еңбекке қабілетті бөлігінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді. Шағын бизнесті дамыту және өзін өзі жұмыспен қамту жаңа жұмыс орындарын құру мен кедейшілікті азайтуда мейлінше тиімді тетік болып табылады.

Шағын кәсіпкерліктің дамуы 2000 жылы - 2562 жұмыс орнының, 2001 жылы - 2746 жұмыс орнының, ағымдағы жылдың 9 айында - 4387 орнының ашылуына мүмкіндік жасады. Жеке кәсіпкерлердің 2002 жылдың қаңтар-қыркүйегінде бюджетке аударғаны 2693,2 млн.теңге. Бюджетке түсірілімдер түсуінің өсуі әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Көптеген жеке кәсіпкерлер аз қамтылған азаматтарға көмек көрсетуде, атап айтқанда әртүрлі мерекелерде мүгедектер мен жалғыз ілікті зейнеткерлерге заттай және материалдық көмек береді, аз қамтылғандарға арналған қайырымдылық түстік ас ұйымдастырылады, қайырымдылық, көмектер өткізіледі. Алайда қайырымдылық бағдарламалар жеткілікті түрде даму алмады, қазіргі кезде олар стихиялы сипат алуда.

Кедейшілікті азайту жөніндегі шаралар тұрғын халықтың қатысуымен және көмекті тікелей алатын кедейлерді тартумен барынша тиімді болмақ. Қазіргі кезде кедей тұрғындар кедейшілікпен күрес жөніндегі бағдарламаны әзірлеуге және орындауға іс жүзінде қатыспайды, сондықтан бағдарламалардың кедейлер қажеттінің толық есебі жүргізілмегендіктен нәтижесі төмен.

## **2 ТАРАУ. АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, ПРИНЦИПТЕРІ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ**

### **7. Мақсаты мен міндеттері**

Аталған аймақтық бағдарламаның мақсаты - экономикалық өсу, тұрғын халықты барынша толықтай жұмыспен қамту және табысын ұлғайту, атаулы әлеуметтік қорғауды жақсарту, денсаулық сақтау мен білім беру қызмет көрсетулерге кедейлердің қолы еркін жетуін қамтамасыз ету және шешім қабылдауда қоғамдық институттарды тарту үшін жағдайлар туғызу жолымен кедейшілікті қысқарту болып табылады.

Аймақтық бағдарламада алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі



міндеттерді шешу көзделген:

қосымша жұмыс орындарын ашу, ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру, кәсіптік оқу мен жұмыссыздарды қайта даярлау есебінен жұмыспен қамтуға белсенді жәрдемдесу;

шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау; тұрғын халықтың кедейлер мен мүжәлсіз топтарының мүддесі үшін денсаулық сақтау, білім беру секторына және атаулы әлеуметтік көмекке қолы жеткізу мен тиімділігін арттыру;

халықтың өзін және мемлекеттік емес секторларын тартумен мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру.

## 8. Кедейшілікті азайтудың принциптері мен басымдықтары

Облыста кедейшілікті азайту жөніндегі міндеттерді шешу төмендегі принциптер негізінде жүзеге асырылатын болады:

кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ету, барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдарды жандандыру;

заңдылықтарға сәйкес жүзеге асырылған азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамаларын ынталандыру;

қабылданған шаралардың тиімділігін арттыру, салыстырмалы түрде аз шығынмен қажетті нәтижені қамтамасыз ету;

тұрғын халыққа мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есеп беруін жеткізу;

кедейшіліктің аймақтық, гендерлік және басқа да ерекшеліктерінің есебін жүргізу; көмек ұсынуда әлеуметтік әділдік пен бағытталуын қамтамасыз ету.

Кедейшілікті азайтудың негізгі басымдықтары болып табылатындар:

болашақта экономикалық өсімді қамтамасыз ету;

жұмыспен қамтудың өсуі үшін жағдай жасау жолымен жұмыссыздықты азайту;

кедей тұрғын халықтың еңбек әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау;

тұрғын халықтың базалық білім алуға, алғашқы медициналық жәрдемге, таза ауыз суға, коммуналдық қызметке, көлік инфрақұрылымына қолы жетуін арттыру; әлеуметтік көмек көрсетудің бағытталуын күшейту.

## 9. Аймақтық бағдарламаны іске асыру индикаторлары <\*>

*Ескерту. 9 бөлімі жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихаттың 30 шілдедегі 2003 жылғы N 27/294 шешімімен.*

Бағдарламаның мақсатына жету үшін мынадай индикаторлар белгіленеді:

| Атауы                                                     | өлшем бірлігі | 2001ж.есеп | 2002ж.есеп | 2003ж.болжам | 2004ж.болжам | 2005ж.болжам |
|-----------------------------------------------------------|---------------|------------|------------|--------------|--------------|--------------|
| 1                                                         | 2             | 3          | 4          | 5            | 6            | 7            |
| 1. Тұрғындардың жан басына шаққандағы аймақтық жалпы өнім | млн. теңге    | 0,43       | 0,63       | 0,68         | 0,74         | 0,83         |
|                                                           |               |            |            |              |              |              |

|                                                                                                 |                                     |                      |                      |                      |                      |                      |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|----------------------|----------------------|----------------------|----------------------|----------------------|
| 2. Табысы күнкөріс минимумынан төмен тұрғындар үлесі                                            | %                                   | 46,1                 | 39,8                 | 33,5                 | 27,6                 | 22,5                 |
| 3. Кедейшілік шегінен төмен тұратын тұрғын халық саны (жылдың соңында)                          | адам                                | 37100                | 26118                | 20894                | 16716                | 13372                |
| 4. Жұмыссыздық деңгейі*                                                                         | %                                   | 10,5                 | 9,8                  | 8,2                  | 7,7                  | 6,5                  |
| 5. Экономикалық белсенді тұрғын халыққа шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар үлесі | %                                   | 18,3                 | 19,4                 | 19,8                 | 19,9                 | 20,1                 |
| 6. Шағын несие алған азаматтар саны                                                             | адам                                | 73                   | 57                   | 60                   | 65                   | 70                   |
| 7. Кәсіптік даярлық, қайта даярлау мен біліктілігін көтеруге жіберілген жұмыссыздар саны        | адам                                | 351                  | 598                  | 480                  | 555                  | 615                  |
| 8. Қоғамдық жұмыстарға қатысуға қабылданған жұмыссыздар саны                                    | адам                                | 5443                 | 4763                 | 4750                 | 4550                 | 4400                 |
| 9. Ауыз суға қолы жетпей отырған тұрғын халық үлесі оның ішінде:<br>қалалық ауылдық             | %                                   | 5,6<br>0<br>42,6     | 5,5<br>0<br>42,8     | 4,8<br>0<br>34,2     | 2,1<br>0<br>15,2     | 1,0<br>0<br>8,3      |
| 10. Ауылдық жерлерде пәтерінде телефоны жоқ отбасылар үлесі                                     | %                                   | 75,0                 | 67,0                 | 60,0                 | 52,0                 | 40,0                 |
| 11. 5-6 жастағы балалардың мектепалды дайындыққа қамтылу деңгейі                                | %                                   | 57,0                 | 62,3                 | 62,6                 | 76,0                 | 76,9                 |
| 12.Туберкулезден өлу                                                                            | 1 0 0 мың адамға                    | 43,3                 | 43,9                 | 42,6                 | 40,7                 | 38,5                 |
| 13. Туберкулезбен ауыру                                                                         | 1 0 0 мың адамға                    | 247,8                | 236,8                | 226,0                | 214,2                | 201,4                |
| 14. Нәрестелер шетінеуі                                                                         | 1 0 0 0 тірі туылған-дарға          | 27,9                 | 20,8                 | 19,6                 | 18,5                 | 17,4                 |
| 15. Ана өлімі                                                                                   | 100 мың тірі нәрестебосан-ғандар-ға | 59,7                 | 66,4                 | 64,5                 | 61,3                 | 58,0                 |
| 16. Тұрғын халықтың орташа жасы, соның ішінде:<br>еркектер<br>әйелдер                           | жыл саны                            | 64,8<br>58,6<br>71,3 | 64,6<br>59,0<br>70,0 | 65,0<br>59,5<br>70,1 | 65,5<br>60,4<br>70,2 | 66,0<br>61,6<br>70,4 |

\*жалпы жұмыссыздық деңгейі (ашық еңбек рыногында).

### **3 ТАРАУ. КЕДЕЙШІЛІКТІ АЗАЙТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ**

#### **10. Мақсатты топтардағы кедейшілікті қысқарту жөніндегі шаралар**

**Оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар (тәуекелді топтар).** Оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастарды анықтау жөнінде шаралар қабылдау және оларды өздеріне ұнамды еңбек және әлеуметтік өмірге тарту.

Аталған топтағы жастарды еңбекке, спортқа және өнерге тарту жолымен қылмыстық топтардан сақтандыру, ақпараттық және үгіт науқандарын ұйымдастыру.

Жастардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар үшін кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру.

**Аз табысты және көп балалы отбасылардың балалары.** Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдеде N 246-ІІ Заңын іске асыру, кедей көп балалы отбасыларының балалары үшін Жалпы оқу қорынан қосымша көмек көрсету.

**Ұзақ уақыт бойына жұмыссыздар.** Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіпкерлікті оқыту, кәсіптік қайта оқу және қайта даярлау, әлеуметтік сауықтыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу көмегімен ұзақ уақыт бойына жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау жүйесін кеңейту.

**Жалғыз ілікті қартайған адамдар.** Жалғыз ілікті қартайған адамдарға көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жақсарту, Қарттар үйін, үйге жеткізілетін әлеуметтік көмек бөлімшелерін кеңейту.

**Мүгедектер.** Оларды еңбек қызметіне тарту үшін жағдай жасау, мүгедектердің көпшілік талаптарына жауап беретін инфрақұрылымдарды қалыптастыру. Мүгедектерді сауықтыру жөнінде 2002-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламаны іске асыру.

**Маргиналды топтар.** Маргиналды топтар санының өсуін қысқарту үшін жағдай жасау керек, атап айтқанда, мекемелермен (арнаулы мекемелер, интернаттар, сауықтыру орталықтары, қамау орындары) немесе үкіметтік емес ұйымдарды тартумен жекелеген тұлғалармен жұмыс істеу.

Әлеуметтік мүжәлсіз топтың қоғамнан алшақтауын азайту мақсатында мыналар қажет:

нақты тұрғын орны анықталмаған тұлғаларға арналған әрекеттегі әлеуметтік бейімделу орталығы қызметін жетілдіру;

арнаулы емдеу-алдын алу мекемелері мен нашақорлықтан емделу курсынан өткен тұлғаларды медициналық-әлеуметтік сауықтыру орталығын құру;

елімізде астыртын көшіп қонуды анықтау және қуып шығару жөнінде ішкі істер органдары қызметін күшейту.

#### **11. Экономиканың дамуы және кедейшіліктің төмендеуі**

## 1) Экономикалық өсім және кедейшілік

[illegible]

бизнестің дамуы үшін жағдай жасау;  
инфрақұрылымды жақсарту, лизингтік қатынас негізінде ауылдық тауар өндірушілерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін құру, несие ресурстарына ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қол жетімділігін қамтамасыз ету есебінен ауыл шаруашылығын дамыту жөнінде шаралар қабылдау;  
аймақ дамуының 2003-2005 жылдарға арналған индустриалды бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;

"Ақтау" теңіз порты ауданында арнайы экономикалық аймақтың іс-қимыл жасау тиімділігін қамтамасыз ету. <\*>

*Ескерту. бірінші және екінші азатжолдар алынып тасталды - Маңғыстау облыстық мәслихаттың 30 шілдедегі 2003 жылғы N 27/294 шешімімен.*

## 2) Жұмыспен қамтуды арттыру және жұмыссыздықты азайту

Еңбек рыногындағы ахуалды жақсарту мақсатында төмендегі шаралар қабылдануға тиіс:

тұрғын халықты жұмыспен қамтудың 2003-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын бекіту және іске асыру;

шағын кәсіпкерлікті болашақта дамыту үшін жағдай жасау;  
облыс кәсіпорындарында жаңа жұмыс орындарын ашуға жәрдем көрсету, жұмыс орындарын ашуда жұмыс берушілерді ынталандыру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;  
еңбек рыногының қажеттілігін есептей отырып, даярлау және қайта даярлау курсын ұйымдастыру жолымен жұмысшы күшінің біліктілігін арттыру;  
ұзақ уақыт бойына жұмыссыздарға мониторинг жүргізу;

еңбек құқы мәселелері бойынша жұмыссыздарға кеңес беру жөнінде қызмет  
к ө р с е т у д і е н г і з у ;

нақты мамандықтар бойынша бос жұмыс орындарына жәрмеңке өткізу тәжірибесін жалғастыру және бос орынның арнаулы банкін қалыптастыру;

жұмыспен қамту, жалақы және еңбек жағдайы, бейімделу үдерісін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде әлеуметтік серіктестіктің рөлін көтеру;

мүгедектерді кәсіптік сауықтыру жүйесін инвестицияны көбейту;  
жаңа жұмыс орындарын құруда жұмыссыздардың гендерлік құрылымдарын есепке  
алу.

### 3) Шағын бизнесті дамыту

Шағын кәсіпкерлікті дамытудағы елеулі кемшіліктерді түзету және қолайлы жағдай жасау үшін мыналар қажет:

шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған аймақтың бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;

жергілікті атқарушы органдардың қолдау көрсетуін қамтамасыз ету арқылы кедейлердің шағын бизнеске қатысуына қол жеткізілуін қамтамасыз ету (жеңілдікпен несиелендіру, шағын несиелендіру және т.б. тәжірибелерді жалғастыру);

бизнес жүргізу негізіне оқыту орталығын құру және кәсіпкерлік қызметпен, жұмыспен қамту жөніндегі жұмыстарды жақсарту;

пайдаланусыз тұрған өндірістік бөлмелерді, оларды өндірістік мақсатқа пайдалану жағдайымен шағын бизнес субъектілеріне жалға беру немесе кейіннен жеке меншігіне беруімен, сенімді басқаруға беру арқылы шағын кәсіпкерлікті дамытуды жандандыру;

кәсіпкерлік жүйесінде несие ресурстарын тарту жөніндегі жұмыстар мен несие серіктестігі, кепілдік пұл және басқаларды құру жолымен қаржыландырудың жаңа көздерін іздестіруді жалғастыру.

#### **4) Қоғамдық жұмыстар**

Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында төмендегі шараларды қабылдау қажет:

тұрғын халықтың арнаулы топтарынан (жалғызділікті көп балалы ата-аналар, жасөспірім балаларды тәрбиелеушілер, зейнеткерлікке шығу алдындағы жастағы адамдар, мүгедектер және басқалар) мейлінше мүжәлсіз санаттағы азаматтар үшін қоғамдық жұмыстар түрлерін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау;

ауылдық жерлерде қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жандандыру;

қоғамдық жұмыстар бойынша берешектердің құралуына жол бермеу;

қаражатты мақсатсыз шығындамау үшін жұмыссыздарға еңбек ақы олардың жеке есеп шотына арнап тікелей жүргізіледі;

қоғамдық жұмыстар түрлерін таңдауда қоғамдық диалог жүйесін енгізу, бұл шешім қабылдауда кедейлерді тартуға, қоғамдық жұмыстарда кедейлердің қатысу мониторингін өткізуге ықпал ететін болады.

#### **5) Кәсіптік даярлық және қайта даярлау**

Төмендегі шараларды қабылдау қажет:

жұмысшы күшіне деген облыстық, қалалық, аудандық еңбек рыноктарының қажеттілік мониторингін үнемі жүзеге асырып отыру;

жергілікті еңбек рыногы қажеттілігінің есебі мен жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;

неғұрлым тиімді білімді бағдарламалар кіретін оқытудың жаңа нысандары мен тетіктерін қалыптастыру, еңбек құқын міндетті түрде оқыта отырып шаруашылықты рыноктың жүргізуді оқыту;

мүгедектерді оқыту жөнінде арнаулы шаралар әзірлеу;

бастауыш және орта кәсіптік білім беру мемлекеттік мекемелерінің материалдық-техникалық базасын сақтау және дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

ауылдық жерлерде және шағын қалаларда тұратын жұмыссыздарға олардың Ақтау және Жаңаөзен қалаларындағы оқу орындарында біліктілігін көтеру, жаңа мамандық

а л у                      ү ш і н                      ж а ғ д а й                      ж а с а у ;

жергілікті деңгейде жұмыссыздарды даярлау және қайта даярлау қажеттілігін анықтап, әзірленген және өткізген ынтымақтастықты (кәсіпорындар, кәсіподақтар, ҰЕҰ, жергілікті өкімет, оқу орындары) көтермелеу.

#### **6) Шағын қаржыландыруды кеңейту жөніндегі шаралар**

Шағын қаржыландыруды жақсарту мақсатында мыналар қажет:  
шағын несиелендіру қорын қалыптастыруға облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарын, халықаралық                      қоғамдық                      ұйымдарды                      тарту;  
шағын несиелерді тек нақты бизнес - жоспарлар немесе бизнес - идеяларға ғана ( ықшамдалған нысанда болуы мүмкін) бөлуді қамтамасыз ету;  
аймақта шағын несие ұйымдарының қызметі үшін қолайлы жағдай жасау (банкілік операциялардың кейбір түрлерін жүргізуге құқы бар, банкілік емес құрылым);  
гранттар мен несиелер ұсынуда басымдықты аз қамтылған азаматтар тобына, негізінен тәртіптің жоғары деңгейін растайтын және шағын ресурстарын қайтаруға жауапкершілікті әйелдерге, жалғызділікті және көп балалы аналарға беру;  
жеке меншік бизнесін ұйымдастырудағы (оқыту, шағын қаржыландыру) ауыл әйелдеріне, шағын кәсіпорындарға, басшы әйелдерге қолдау көрсету;  
гранттар мен шағын несие беру үшін дайындық іс - шараларын енгізуді жүзеге а с ы р у .

Шағын несие алуға үміткерлер арнаулы іріктеуден өткен және кәсіпкерлік қызметтік дағдыларын үйренген жұмыссыздар қатарындағы азаматтар болуы тиіс.

### **12. Әлеуметтік жүйені дамыту**

#### **1) Кедейшілікке демографиялық және көші-қон факторларының әсерін бәсеңдету жөніндегі шаралар**

Кедейшілікке демографиялық және күші-қон факторларының әсерін төмендету мақсатында төмендегі шараларды қабылдау қажет:  
демографиялық және көші-қон саясатының 2003-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын                      әзірлеу                      және                      іске асыру;  
аналардың бала туушылық денсаулығын нығайту жөнінде шаралар қабылдау;  
отбасын жоспарлау мәселелері бойынша, негізінен, саны көп балалы отбасылы аудандарда,                      тұрғындардың                      хабардарлығын                      жақсарту;  
облысқа көшіп келу квотасы бойынша келген адамдарды қабылдау, орналастыру және жайластыру жөніндегі шараларды мезгілінде ұйымдастыру;  
2003-2005 жылдарға арналған көшіп келу квотасын ұлғайту мәселелерін Үкіметтік деңгейде шешу жөніндегі жұмыстарды жандандыру;  
көшіп келу квотасынан тыс келген оралмандар отбасына көмек көрсету мәселесін, оның ішінде жер учаскесін алу мәселесін шешу;  
ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу, көші-қон тасқынын азайту мақсатымен ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту.

2) Денсаулық сақтау қызметіне тұрғын халықтың қол жетімділігін жақсарту жөніндегі шаралар

[illegible]

тұрғындарға тегін медициналық көмек көлемінің кепілді заңдылығының  
орындалуын қамтамасыз ету;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек түрлерін, негізінен ауылдық жерлерде, сондай-ақ алғашқы кезекте тұрғын халықтың әлеуметтік - мүжәлсіз топтары үшін медициналық көмектің жаңа ұйымдастыру нысандарын басымдықпен дамыту (күндізгі емдеу, үйде емдеу, ауылдағы медициналық көмектің жүрмелі нысандары);

алыс ауылдық елді мекендердегі тұрғындарының дәрі-дәрмек көмегіне қол  
жетімділігін қамтамасыз ету;

туберкулезбен, қаны аздықпен және басқа да әлеуметтік мәнді аурулармен күрес жөніндегі қызметтердің тиімділігін арттыру;

салауатты өмір салтын насихаттау, салауатты өмір салтының артықшылықтарын насихаттауға бұқараның ақпарат құралдарын тарту, ЖҚТБ/АҚТҚ-нің алдын алу жөнінде, негізінен жастар арасында, түсінік жұмыстарын жүргізу;

емшек сүтімен тамақтандырудың кеңейтілген бағдарламасын, қаны аздыққа қарсы бағдарламаны іске асыру жолымен нәрестелер мен балалар өлімінің алдын алу;

аналар өлімі мен балалар өлімін азайту жөнінде шаралар қабылдау;

ауылдық жерлерде тұрғын үй ұсыну, АДА және ФАП - терін медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үй құрылыстарымен қосып салу жолымен білім беру, денсаулық сақтау қызметкерлерінің ағынын ынталандыру.

**3) Білім беру қызметіне тұрғын халықтың қолы жетуін жақсарту**

Білім беру ісіне тұрғын халықтың қолы жетуін жақсарту үшін төмендегі шараларды қ а б ы л д а у д ы к ө з д е й д і :

алғашқы кезекте ауылдық жерлерде, жалпы білім беретін мектептер санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, жүйенің кепілді мемлекеттік нормативіне дейін жеткізу;

"Ауыл мектебі" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;

мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдарының, бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарының желісін дамыту;

арнаулы түзету мекемелерінің, жалпы үлгідегі мектеп - интернаттардың, қиын мінезді балаларға арналған мектеп - интернаттардың, ауылдың мектептер жанындағы интернаттардың желісін дамыту;

алыс аудандардың ауылдық жерлерінен келіп, бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарында оқитындарды жатақханаға орналастыру мәселесін шешу;

тиісті мектебі жоқ елді мекендердің балаларын мектепке іркіліксіз жеткізуді  
қ а м т а м а с ы з е т ү ;

аз қамтамасыз етілген отбасы балалары үшін жергілікті бюджет есебінен жазғы демалыс ұйымдастыру;

жаппай оқу қорына бюджет қаражатын мезгілінде және толық аударуын, қаражаттың тиімділігін арттыру мен оның жұмсауына бақылауды күшейтуді қамтамасыз ету;

мектептерде аз қамтамасыз етілген отбасы балалары үшін ыстық түстік ас беруді кеңейту;

аз қамтылған отбасы балаларына киім, оқу құралдарын сатып алуға көмек көрсету; білім берумен қамтылмаған, мектеп жасындағы балаларды анықтап және мектепке қайтару үшін жұртшылықтың мейлінше кеңірек тартылуын қамтамасыз ету.

#### **4) Тұрғын халықтың әлеуметтік - мүжәлсіз тобын әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру**

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің атаулылығын күшейту жөнінде төмендегі шаралар қабылдануы қажет:

интернат-үйлері мен әлеуметтік үйлерде жалғыз ілікті аз қамтылған қартайған азаматтардың орынмен қамтамасыз етілуіне қол жетімділігін кеңейту;

әлеуметтік көмек алу мүмкіндігі туралы нақтыланған және толық хабарламаларға тұрғын халықтың жетімділігін кеңейту есебінен әлеуметтік көмек көрсету жөнінде шешім қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

зейнеткерлерге тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

әлеуметтік масылдық пиғылды болдырмау, көмек алушыларды ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау, өмірлік проблемаларды шешуде бастамамен пен ұсынақылық таныту (мысалы, ыңғайлы жұмыс, кәсіптік қайта оқуды, ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды іздестіретін еңбекке қабілетті көмек алушыларға ұсыну жолымен).

### **13. Тұрғын халықты инфрақұрылым қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар**

#### **1) Тұрғын халықты тұрғын үймен және коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар:**

тұрғындардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға арналған ипотекалық несиелену жүйесін енгізу;

ауылдық елді мекендерді газдандыру жөнінде шаралар қабылдау; тұрғын үй және әлеуметтік жүйе объектілерін қайта жаңарту мен құрылысын салу жобаларын әзірлеуде және іске асыруда табиғи мүмкіндіктері шектелген азаматтарға арналған жағдай қарастыру;

ауылдық жерлерде электр энергиясының тұрақты берілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ электрді тұтыну есебі жүйесін енгізу жөнінде шаралар қабылдау;

ұсынылған қызметтерге табиғи монополиялар субъектілерімен белгіленген бағасы мен тарифтерінің ашықтығы мен негізделуін қамтамасыз ету.



## **2) Тұрғын халықты сумен қамтуды, оның ішінде таза ауыз суымен, жақсарту жөніндегі шаралар:**

2003-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" аймақтық бағдарламасын әзірлеу және іске асыру, оның ішінде неғұрлым мұқтаж елді мекендерді сумен қамтамасыз ету мен ауыз су, коммуналдық тұрмыстық және шаруашылық суымен жабдықтауды жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

магистралды топтық су құбырлары мен сумен жабдықтау объектілеріне жөндеу жүргізу мен қайта жаңартуды жүзеге асыру;

сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту және жаңалау үшін мақсатты несиелерге қол жетімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

ауыз су сапасын бақылауды күшейту;

## **3) Тұрғын халықты жолдармен, көлікпен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар:**

қатқыл табанды жалпы пайдаланыстағы жолдармен жол қатынасы желісі байланысын қамтамасыз ететін ауылдық елді мекендердің автожолдарын сауықтыру және құрылысын салу жөнінде шаралар қабылдау;

магистраль аралық жол сервисін дамыту үшін жағдай жасау, оның ішінде, шағын бизнесті және тұрғындардың өзін өзі жұмыспен қамтылуы есебінен транзиттік автожолдарды дамыту;

аймақтық инвестициялық бағдарламаны елді мекендердің өмір сүруін қамтамасыз ету объектілерін көтеруге, жергілікті маңызды автожолдарды қайта жаңартуға, инфрақұрылымның дамуының әлеуметтік маңызды жобаларын іске асыруға бағыттау;

200 және одан да көп адамдар тұратын ауылдық елді мекендер тұрғындарына телекоммуникация қызметінің ең төменгі жинағының ұсынылуын қамтамасыз ету;

ауылдық алыс және шағын елді мекен тұрғындарына пошта байланысының ең төменгі жинағының сапалы ұсынылуын қамтамасыз ету;

ауылдық емдеу - алдын алу ұйымдарындағы (ФАП, АДА, АУА) телефон байланысының сапасын арттыру.

## **14. Кедейшілікке аймақтық және экологиялық факторлардың әсерін төмендету жөніндегі шаралар**

### **1) Аймақтық деңгейде кедейшілікті төмендету жөніндегі шаралар**

Кедейшілікті төмендетудің маңызды факторы өмір сүру деңгейінде аудандардың әлеуметтік және экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықты қысқарту жолымен аймақаралық теңсіздікті азайту болып табылады, ол үшін мыналар қажет:

аймақтық бөліністе артта қалған аудандардың, айырықша селолық, тұрғын халқының ақшалай табысын көтеру;

аудандар дамуының басымдық бағытын анықтау және қолда бар әлеуетін барынша

п а й д а л а н у ;

белгіленген заңдылықпен әлеуметтік көмек түрлеріне тұрғын халықтың облыс аумағындағы тұрақ орнына тәуелсіз тең қол жетімділігін қамтамасыз ету;

## **2) Шағын, оның ішінде экономикалық дағдарыстағы, қалаларда кедейшілікті азайту жөніндегі шаралар**

Форт-Шевченко қаласы мен Жаңаөзен қаласында кедейшілікті төмендету үшін  
м ы н а л а р қ а ж е т :

Форт-Шевченко қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының іс-шараларын іске асыру;

Форт-Шевченко қаласында жастарға арналған дайындық және қайта даярлық орталығын ашу мәселесін пысықтау;

Форт-Шевченко және Жаңаөзен қалаларының дамуы үшін тікелей инвестиция тарту жөніндегі шаралар әзірлеу;

ұзақ тоқтап тұрған кәсіпорындары сауықтыру немесе тарату;  
таратылатын кәсіпорындар базасында шағын кәсіпкерлікті дамыту;  
шағын қалаларда жоғары білікті кадрларды тарту үшін жағдай жасау және  
ы н т а л а н д ы р у ;

шағын қалаларда бизнес-орталығы мен бизнес-инкубатор ұйымдастыруға үкіметтік  
е м е с ұ й ы м д а р д ы т а р т у ;

Жаңаөзен қаласы бойынша квотадан тыс келген оралмандарды орналастыру және әлеуметтік қолдау көрсету мәселелерін шешу;

## **3) Ауылдық, оның ішінде экономикалық дағдарыстағы, жерлерде кедейшілікті азайту жөніндегі шаралар**

Ауылда кедейшілікті азайтудың басым бағыты бірінші кезекте агроөнеркәсіптік кешенді дамыту болуы тиіс. Әрбір қызметкерге өз әлеуетін мейлінше пайдалану үшін жағдай жасау маңызды, бұл үшін мыналар қажет:

2003-2005 жылдарға арналған аймақтық азық-түлік бағдарламасын әзірлеу және  
і с к е а с ы р у ;

2004-2010 жылдары ауыл аумақтарын дамыту Аймақтық бағдарламасын әзірлеу  
ж ә н е і с к е а с ы р у ; < \* >

ауыл шаруашылығы техникаларының лизингін кеңейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін облыстық муниципалды базарлары  
ар қ ы л ы с а т у ғ а ж а ғ д а й ж а с а у ;

кәсіптік мектептерде (лицей) еңбек рыногының қажеттілігі есебімен ауылдық өндіріс мамандарын даярлау сапасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

"Маңғыстауагросервис" МКК арқылы ауыл шаруашылығы өндірушілерін  
н е с и е л е н д і р у к ө л е м і н а р т т ы р у ;

өзін өзі жұмыспен қамтуы саласы сияқты жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту

ү ш і н

ж а ғ д а й

ж а с а у ;

жеткілікті жергілікті шикізат пен табиғи материалдарды пайдалана отырып, дәстүрлі қолөнер мен майдагерлік кәсіпшілікті дамыту үшін жағдай жасау.

*Ескерту. Екінші азатжол жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихаттың 30 шілдедегі 2003 жылғы N 27/294 шешімімен.*

#### **4) Тұрғын халықтың кедейленуіне экологиялық факторлардың әсерін азайту жөніндегі шаралар**

Тұрғын халықтың кедейленуіне экологиялық факторлардың әсерін азайту мақсатында, мыналар қажет:

тұрғындар арасында табиғи ресурстарға, оның ішінде жануарлар мен өсімдік әлеміне, барынша ұқыпты қарауды сақтау қажеттілігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізу ;

"Қоршаған табиғи ортаға мұнайгаз саласының әсерін бағалау және Маңғыстау аймағында Каспий жағалауы аумағының биологиялық теңдігін сақтау жөнінде ұсыныс әзірлеу" тақырыбында ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізу;

"Бейнеу ауданы халқының денсаулығына Арал теңізінің құрғақшылық әсерін бағалауды анықтау" тақырыбы бойынша жұмыстар жүргізу;

тұрғын халықты экологиялық ахуал мен денсаулық үшін қауіп туралы үнемі хабардар ету ;

ағаш отырғызу жөнінде қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру;

заңды, жеке тұлғалардың, табиғат пайдаланушылардың экологиялық талаптарды орындауына бақылауды қатайту;

#### **15. Кедейшілік деңгейін азайтудағы жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар**

Кедейшілікті азайтуда жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мемлекеттік органдар рөлін күшейту жөніндегі шаралар:

табиғи монополиялар субъектілері шығындары құрамын қалыптастыру кезінде ең алдымен оның, тұтынушылар үшін тарифтерінің негізділігі, ашықтығы мен әділдігі ескертілетін тәсілдерді жетілдіру;

алғашқы медициналық көмек көрсетуге, базалық білім беру қызметін көрсетуге, атаулы көмекке бағытталған қаражаттардың мақсатты жұмсалуына бақылауды күшейту ;

бағалаудың нақты рәсімін және өлшемін пайдалана отырып, мониторинг жүйесін енгізу ;

табиғи ресурстарды кешенді пайдаланудың ғылыми - негізделген сызбасын қолдану ;

кедейшілікті азайту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық бірлестіктерден тұратын тұрақты жұмыс істейтін кеңес беру - мәслихат комиссиясын құру ;

ҮЕҰ тарта отырып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек қаражатын жұмсауға мониторинг жүйесін ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес аудан әкімдерінде құрылған учаскелік комиссия құрамына міндетті түрде ҮЕҰ өкілдерін енгізу;

облыста үкіметтік емес жастар ұйымдарын қатыстыра отырып, білім сапасына з е р т т е у ж ү р г і з у ;

рыноктық экономика жағдайына кәсіподақтармен бірге еңбек құқы, рөлі жөнінде пікір алмасуын ұйымдастыру. Бұл мақсатқа ақпараттық қызмет көрсетуге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде теледидар, радио, баспасөз бұқаралық ақпарат құралдарын п а й д а л а н у ;

әлеуметтік серіктестіктің үш жақты комиссиясы жұмысының тиімділігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

шағын несиелендіру жүйесінде жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымдардың шағын несие қызметінің оң тәжірибесін тарату.

#### **16. Кедейшілік деңгейін азайтуда жеке сектор қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар**

Аймақта кедейшілік деңгейін азайтуда жеке сектор қызметін жетілдіру үшін м ы н а л а р қ а ж е т :

аймақта инвесторлар қызметінің әлеуметтік жауапкершілігінің неғұрлым нақты болуы үшін орталық, жергілікті үкімет органдары мен ірі инвесторлар аралық шарт жасақтауда қоғамдық тыңдауды өткізуге қатынасу;

ірі өнеркәсіп, көлік, байланыс және құрылыс кәсіпорындарын, кәсіпкерлерді тарта отырып, қайырымдылық іс шаралар нысанында тұрғын халықтың аз қамтылған тобына әлеуметтік көмек жүйесін дамыту;

әлеуметтік жүйенің маңызды проблемаларын шешуде, аймақ дамуының басым бағыттарын анықтауда және кедей тұрғындарға көрсетілетін көмек тиімділігін бақылауда тұрғын халықтың кедей тобына әлеуметтік сауалдама өткізуді тәжірибеге енгізу.

#### **4 ТАРАУ. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР МЕН ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ КӨЗДЕРІ**

Қаржыландыру көздері мыналар болмақ: жергілікті және республикалық бюджеттер қаражаты, кәсіпорындардың өзіндік қаражаттары, несие және қарыз қаражаттары.

#### **5 ТАРАУ. АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

Кедейлер санын қысқарту: ең төменгі күнкөріс деңгейінен табысы төмен тұрғын халық үлесін 2005 жылы 22,5%-ға дейін, кедейшілік шегінен төмен тұратын азаматтар санын 13372 адамға дейін қысқарту. <\*>

Ресми жұмыссыздар деңгейін 2,3%-ға дейін, жалпы жұмыссыздықты - 6,5%-ға д е й і н а з а й т у . < \* >

Облыстық өнеркәсіп кәсіпорындарымен жалпы білім беретін және

кәсіптік-техникалық мектептердің өзара ықпалдастығы тетігін енгізу сынып бітіруші оқушыларды, жұмыссыз жастарды жұмысшы мамандығына оқытып, үйрету жастардың жұмысқа кепілді орналасуын қамтамасыз етеді.

Экологиялық проблемаларды шешуге қаржыландыру көлемін арттыру аймақ тұрғындары денсаулығына тигізетін әсерінің зардаптарын қысқартады.

Тұрғын халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту және мынадай нәтижелерге қол жеткізу:

туберкулезден өлу деңгейін 100 мың адамға шаққанда 2002 жылғы 43,9-дан 2005 жылы 38,5-ке дейін қысқарту;

нәрестелердің шетінеуі деңгейін 1000 тірі туылған балаға шаққанда 2002 жылғы 20,8-ден 2005 жылы 17,4-ке азайту;

ана өлімі деңгейін 100 мың адамға шаққанда 2002 жылғы 66,4-тен 2005 жылы 58,0-ге дейін азайту. < \* >

*Ескерту. бірінші, екінші, бесінші азатжолдары жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихаттың 30 шілдедегі 2003 жылғы N 27/294 шешімімен.*

**6 ТАРАУ. Маңғыстау облысының кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасының іс-шаралар жоспары <\*>**

*Ескерту. 6 тарау жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихаттың 30 шілдедегі 2003 жылғы N 27/294 шешімімен.*

| N | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Орындауға жауапты |
|---|------------|---------------|-------------------|
| 1 | 2          | 3             | 4                 |

**1. Басымдылық. Аймақтағы кедейшілік жағдайының пынайы бағалануын қамтамасыз ету**

|    |                                                                                    |                         |                                                                                                            |
|----|------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Әлеуметтік көмекпен қамтылмаған кедейлерді анықтау жөніндегі жұмыстарды жандандыру | Облыс әкіміне хабарлама | қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы |
|----|------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**2. Басымдылық. Алдағы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, жұмыспен қамту жолымен жұмыссыздықты азайту**

**1. Экономикалық өсімді қамтамасыз ету және кедейшілікті азайту**

|    |                                                                                                   |                         |                                                                            |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| 2. | "Ақтау теңіз порты" ауданында арнайы экономикалық аймақтық жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз ету | Облыс әкіміне хабарлама | Ақтау қаласының әкімі, облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы |
| 3. | Аймаққа тікелей инвестиция тарту үшін жағдай жасау                                                | Облыс әкіміне хабарлама | қалалар мен аудандардың әкімдері, жұмыс берушілер                          |

**2. Жұмыспен қамтуды арттыру және жұмыссыздықты азайту**

|    |                                                                                          |                         |                                                                          |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| 4. | Жұмыссыздарға еңбек құқығы мәселелері бойынша кеңес беру жөнінде қызмет көрсетуді енгізу | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы |
| 5. |                                                                                          |                         |                                                                          |

|    |                                                                                                               |                                         |                                                                                                         |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | Бос орындар жәрмеңкесін тұрақты өткізуді тәжірибеге енгізу                                                    | Облыс әкіміне хабарлама                 | Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы                                |
| 6. | Облыста және басқа аймақтарда жұмыс күшін өзара ауыстыру мақсатымен еңбек рыногын зерделеу                    | Облыс әкіміне хабарлама                 | Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері |
| 7. | Қазақстан Республикасы Үкіметіне жұмыс орындарын құруда жұмыс берушілерді ынталандыру жөнінде ұсыныс дайындау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс | Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері |

### 3. Шағын бизнесті дамыту

|     |                                                                                                                                                                                                                                       |                         |                                                                                                          |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 8.  | Жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдау арқылы халықтың әлеуметтік-мүжәлсіз топтарының шағын бизнеске қол жетуін қамтамасыз ету                                                                                                 | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, облыстық қаржы басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері |
| 9.  | Пайдаланылмай тұрған өндірістік орын-жайларды өндірістік мақсатқа пайдалану шартымен кейіннен жеке меншігіне беру үшін шағын бизнес субъектілеріне жалға немесе сенімді басқаруға беру арқылы шағын кәсіпкерлікті дамытуды жандандыру | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                            |
| 10. | Шағын кәсіпкерлік саласына несие ресурстарын тарту және жаңа қаржыландыру көздерін іздестіру жөніндегі жұмыстарын жалғастыру                                                                                                          | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                            |

### 4. Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін арттыру

|     |                                                                                                                                                       |                                         |                                                                                                            |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 11. | Қоғамдық жұмыстардың экономикалық тиімділігін аймақтық ерекшеліктерді есепке ала отырып ұйымдастыру және ауылдық жерлерде қоғамдық жұмысты жандандыру | Облыс әкіміне хабарлама                 | қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы |
| 12. | Қоғамдық жұмыстар мониторингін жетілдірту жөнінде ұсыныстар әзірлеу                                                                                   | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс | қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы |

### 5. Кәсіптік даярлық пен қайта даярлауды жақсарту

|     |                                                                                                                                                                               |                         |                                                                                                                              |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 13. | Қалалық және аудандық еңбек рыноктарының жұмысшы күшіне қажеттілігіне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отыру                                                                  | Облыс әкіміне хабарлама | қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы                   |
| 14. | Конкурстық іріктеуден өткен білім беру ұйымдарында еңбек рыногы қажеттілігіне сәйкес жұмыссыздардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды, кәсіптік даярлықты жүзеге асыру | Облыс әкіміне хабарлама | қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, білім басқармасы |
| 15. | Бастауыш және орта кәсіптік білім беру мемлекеттік мекемелерінің                                                                                                              | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                                                                     |



|     |                                                                                                                                                                                       |                         |                                                                                                            |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | материалдық-техникалық базаларын сақтау және дамыту жөнінде шаралар қабылдау                                                                                                          |                         |                                                                                                            |
| 16. | Еңбек құқығын оқытуды міндеттей отырып, шаруашылық жүргізудің қазіргі заманғы әдістерінің неғұрлым тиімді бағдарламасы кіретін оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін қалыптастыру     | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                                                   |
| 17. | Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда тұратын жұмыссыздардың біліктілігін көтеру және олардың Ақтау және Жаңаөзен қалаларындағы оқу орындарында жаңа мамандық алуы үшін жағдай туғызу | Облыс әкіміне хабарлама | қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы |

## 6. Шағын несиелендіруді кеңейту жөніндегі шаралар

|     |                                                                                                                                               |                                         |                                                                                                                                                                            |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 18. | Халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобынан әйелдердің әсіресе, ауылдық жерлердегі, шағын несиелендіру бағдарламасымен қамтылуын кеңейту | Облыс әкіміне хабарлама                 | қалалар мен аудандар әкімдері, облыстық отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия, Маңғыстау аймақтық аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі қоры (келісім бойынша) |
| 19. | Рынокта шағын несие ресурстарын берудің сұранысы мен ұсынысы балансына талдау жүргізу                                                         | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс | қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы                                                                 |
| 20. | Шағын несиелендіру саласында жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымдардың оң тәжірибесін тарату жөнінде шаралар қабылдау                          | Облыс әкіміне хабарлама                 | Аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі Маңғыстау аймақтық қоры (келісім бойынша)                                                                                        |

## 3 Басымдылық. Тұрғын халықтың базалық білімге, алғашқы медициналық көмекке қолы жетуіне жұмыстану, атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмекті діттеу

### 1. Демографиялық және көші-қон факторының кедейшілікке әсерін бәсеңдету

|     |                                                                                                                                                                      |                                         |                                                                                                          |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 21. | Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарды қабылдау және орналастыру, жайғастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз ету | Облыс әкіміне хабарлама                 | Облыстық көші-қон және демография жөніндегі басқарма (келісім бойынша), қалалар мен аудандардың әкімдері |
| 22. | Облысқа арналған көшіп келу квотасын ұлғайту жөнінде Қазақстан Республикасының үкіметіне ұсыныстар әзірлеу                                                           | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс | Облыстық көші-қон және демография жөніндегі басқарма (келісім бойынша)                                   |
| 23. | Облысқа квотадан тыс келген оралман отбасыларына, жан-жақты, соның ішінде жер учаскесін алуға көмек көрсету                                                          | Облыс әкіміне хабарлама                 | Облыстық көші-қон және демография жөніндегі басқарма (келісім бойынша), қалалар мен аудандардың әкімдері |

### 2. Тұрғындардың денсаулық сақтау қызметіне қолы жету мүмкіндігін жақсарту жөніндегі шаралар

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
| 24. |  |  |  |
|-----|--|--|--|

|     |                                                                                                                                                     |                         |                                                                                                                                                                    |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | Ана мен бала өлімін азайту жөнінде шаралар қабылдау                                                                                                 | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері                                                                                             |
| 25. | Туберкулезбен, қаны аздықпен, нашақорлықпен, маскүнемдікпен, басқа да әлеуметтік мәні бар аурулармен күрес жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығы, қалалар мен аудандардың әкімдері                          |
| 26. | АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу жөнінде, әсіресе жастар арасында, түсінік жұмыстарын жүргізу                                                                    | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығы, облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы (келісімі бойынша), облыстық білім басқармасы |
| 27. | Фельдшерлік, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен ауылдық дәрігерлік амбулатория жұмыстарын жетілдіру                                                 | Облыс әкіміне хабарлама | Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері                                                                                             |

### 3. Тұрғындардың білім алу қызметіне қолы жету мүмкіндігін жақсарту жөніндегі шаралар

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                          |                                                                                          |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| 28. | Жалпы білім беретін мектептердің, бірінші кезекте, ауылдық жерлерде, барлық үлгідегі интернат мекемелерінің санын ҚР Үкіметі белгілеген кепілді нормативтік желіге дейін жеткізу, оның ішінде:<br>1) Маңғыстау ауданы Үштаған және Сайөтес селоларында мектеп құрылыстарын;<br>2) Жаңаөзен қаласында мектеп құрылысын;<br>3) Ақтау қаласы 22 ш/а мектеп құрылысын;<br>4) Маңғыстау ауданы Тиген ауылынан бастауыш мектеп құрылысын салу;<br>5) Маңғыстау ауданы Тұшыбек ауылынан бастауыш мектеп құрылысын салу | Жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге және құрылысын салуға тиісті бюджетке қаражат бөлу | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері                              |
| 29. | Жалпыға бірдей оқу қорына бюджеттік қаражаттың өз уақытында және толықтай аударылуын қамтамасыз ету, тиімділігін арттыру және қаражаттың орындалысына бақылауды күшейту                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Облыс әкіміне хабарлама                                                                  | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері                              |
| 30. | Оқуға келмейтін мектеп жасындағы балаларды есепке алу тетігін жетілдіру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Облыс әкіміне хабарлама                                                                  | Облыстық білім басқармасы, облыстық ішкі істер басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері |
| 31. | Тиісті мектебі жоқ елді мекендерден балаларды мектепке кідіріссіз жеткізуді қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Қалалар мен аудандар әкімдерінің шешімдері                                               | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                                 |
| 32. | Аз қамтамасыз етілген отбасыларының мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі оқушыларына оқу қоры қаражаты есебінен тегін ыстық тамақ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Облыстық білім басқармасының бұйрығы Облыс әкіміне хабарлама                             |                                                                                          |



|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                    |                                                                                                |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | ұйымдастырылуын қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                    | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                                       |
| 33. | Аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларына жазғы демалыс ұйымдастыру                                                                                                                                                                                                                                             | Облыс әкімшіятының, қалалар мен аудандар әкімшіяттарының қаулылары | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                                       |
| 34. | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін білікті жұмысшы, мамандар даярлау жөніндегі кәсіптік мектептер мен колледждер желісін қалпына келтіру шараларын алу:<br>1) Түпқараған ауданында политехникалық колледж филиалын ашу;<br>2) Маңғыстау ауданының N 5 кәсіптік мектебінде ауыл шаруашылығының бағдарлы мамандықтарын ашу | Қалалар мен аудандар әкімдерінің қаулылары                         | Облыстық білім басқармасы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері |
| 35. | Білім берудің арнайы ұйымдары желілерін дамыту және нығайту жұмыстарын жүзеге асыру, мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу бойынша жағдай жасау                                                                                                                                                      | Қалалар мен аудандар әкімдерінің қаулылары                         | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                                       |
| 36. | Алыс аудандардың ауылдық жерлерінің бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарындағы оқушыларын жатақханаларға орналас-тыру мәселесін шешу                                                                                                                                                                              | Қалалар мен аудандар әкімдерінің қаулылары                         | Облыстық білім басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері                                       |

#### 4. Халықтың әлеуметтік-мүжәлсіз тобында кедейшілікті азайту жөніндегі шаралар

|     |                                                                                                                                |                            |                                                                                                         |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 37. | Ақтау қаласында 50 орынды қосымша құрылыс салу есебінен жалпы үлгідегі қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйін кеңейту | Атқарылған жұмыстар актісі | Ақтау қаласының әкімі, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы         |
| 38. | Әлеуметтік көмек бағдарламасын әкімшілік басқарудың тиімділігін арттыру                                                        | Облыс әкіміне хабарлама    | облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері |
| 39. | Нақты тұрғылықты орны жоқ тұлғаларға арналған әлеуметтік бейімделу орталығы қызметін жетілдіру                                 | Облыс әкіміне хабарлама    | Ақтау қаласының әкімі, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы         |

#### 4 Басымдылық. Тұрғын халықты инфрақұрылым қызметімен қамтамасыз етуді жақсарту

##### 1. Тұрғындарды тұрғын үймен және коммуналдық қызметпен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар

|     |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                       |                                                                                     |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| 40. | Ауылдық елді мекендерге газ жүргізу жөнінде шаралар қабылдау, оның ішінде:<br>1) Бірлік және Қызыл-Төбе елді мекендерін, Баянды ауылын, ұзындығы 1 0 к м ;<br>2) Маңғыстау ауданының бірқатар | Аймақтық даму жоспарына енгізу және жергілікті бюджеттен қаражат қарастыру<br>Облыс әкіміне хабарлама | қалалар мен аудандар әкімдері, облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы, |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|

|     |                                                                                                                                              |                                         |                                                                                                                  |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | ауылдарын (148,5 км)<br>3) Түпқараған ауданының Тельман ауылын (5 км)                                                                        |                                         | Маңғыстау құрылыс инвестМҚК (келісімі бойынша)                                                                   |
| 41. | Тұрғын халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін ұзақ мерзімді несиелендіру жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу                      | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс | қалалар мен аудандар әкімдері, облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы                               |
| 42. | Тұрғын халықтың әлеуметтік-мәжәліс топтарына арналған арзан тұрғын үй құрылысын салу жөніндегі Москва қаласы үкіметінің тәжірибесін зерделеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс | қалалар мен аудандар әкімдері, облыстық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық және жол шаруашылығы Департаменті |
